

ОҚУ КІТАБЫ

ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДІҢ
4-СЫНЫБЫНА АРНАЛҒАН ОҚУЛЫҚ

*Ўзбекистан Республикасы Халыққа білім беру
министрлігі баспаға ұсынған*

Жетінші басылымы

ТАШКЕНТ
«O‘ZBEKISTON»
2020

УЎК 811.512.133(075)
КБК 81.2 Қаз-93
О-52

М.УМАРОВ, Ө. ИСАБАЕВ,
Т.ҚАЛДЫБАЕВ, Е. АБДУВАЛИТОВ

Ассалаумағалейкүм, қымбатты оқушылар!

Сендер – тәуелсіз Өзбекстан мемлекетінің азаматысыңдар. Егеменді еліміздің бақыты, болашағы да сендер болып табыласыңдар. Жақсы қасиет, білім – бәрі кітапта екенін жақсы түсінесіңдер. Қазақ тілі – біздің анамыздың тілі, әкеміздің тілі, халқымыздың тілі. Ал бұл тілді үйрену, қадірлеп, қастерлеу – сендердің де перзенттік борыштарың.

Қолдарыңдағы кітапты жыртпай, кірлетпей, сызып тастамай, көздің қарашығындай сақтаңдар.

Пікір жазғандар:

Сафо Матчанов – педагогика ғылымдарының докторы,
профессор;

А. Ғаниева – Ташкент облысы, Қыбырай ауданындағы
9-мектептің бастауыш сынып оқытушысы.

Б. Джулдыбекова – Ташкент облысы, Шыназ ауданындағы
12-мектептің бастауыш сынып оқытушысы.

Өзіндік (практикалық) тапсырмалар:

 – Тақырыптар

 – Сұрақтар мен тапсырмалар:

**Республикалық мақсатты кітап қоры
қаржылары есебінен басылды.**

ISBN 978-9943-01-085-7

© М. Умаров, 2007, 2011, 2013, 2015, 2017, 2020

© «O'ZBEKISTON» баспасы, 2004 ж.

© «O'ZBEKISTON» БПШУ, 2007, 2011, 2013, 2015, 2017, 2020

ҰЛЫ ЖӘНЕ ҒАЗИЗ ОТАНЫМ – МӘҢГІ АМАН БОЛ



Ақан Рахманұлы

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІ

Қалыптасқан дәстүрге сәйкес мемлекеттің аты ғана емес, сонымен қатар оның өзіне ғана тән ресми белгілері, яғни рәміздері де болады. Олар: мемлекеттік ту, елтаңба (герб) және әнұран (гимн).

Мемлекетіміздің жалауы Өзбекстан Республикасы Жоғары Кеңесінің 1991 жылғы 18 қарашадағы кезектен тыс VII сессиясында қабылданды.

Ол үш түстен: көгілдір, ақ және жасыл түстен тұрады.

Жалаудағы көгілдір түс—көк аспан мен тұнық судың белгісі. Тіршіліктің мазмұнын бейнелейтін бұл түс жақсылықты, адалдықты, атақ-даңқ пен болашаққа сенімділікті білдіреді.

Ақ түс—бейбітшілік пен тазалықтың, пәктік пен сафтықтың белгісі. Ол жас тәуелсіз мемлекет өзінің даму жолында биік асулардан өтуі керек, сол асулы жолдар жарық та кіршіксіз болсын дегенді аңғартады.

Жасыл түс – таңғажайып табиғатымыздың бейнесі, ұлан-байтақ құнарлы егістіктерге, жасампаздық пен ауқаттылық дегенге ишара.

Қызыл жолақтар—әрбір тірі ағзаға өмір нәрін беретін күштің, тұла бойымызда тасқындаған құдіретті қанның рәмізі.

Жаңа туған жарты ай—Өзбекстан халқының сан ғасырлық тарихи дәстүрлерімен үндесіп тұр, ол—қол жеткізілген тәуелсіздігіміздің белгісі.

Жалауда көптеген мұсылман мемлекеттерінің жалауларындағы сияқты 12 жұлдыз да бар, олар өркендеу және даму рәмізі болып табылады.

Мемлекеттік Елтаңба Республика Жоғары Кеңесінің 1992 жылғы 2 шілдеде өткен X сессиясында қабылданғанын әрбір мектеп оқушысы білуге тиіс.

«Елтаңба» яғни «герб» сөзі неміс тілінен алынған. Оның ең алғашқы үлгілері қасиетті жануарлар түрінде ертедегі адамдардың рулық,

тайпалық, рәміздік белгілерінде кездеседі. Бертін келе, гербтер мемлекеттік эмблема ретінде жалауға, қалқанға және ақшаға түсірілген.

Еліміздің ең таңдаулы суретшілері жасаған мемлекеттік елтаңбамызда алтын шапақты күн шұғыласына бөленіп тұрған гүлденген дала бейнеленген. Ол оң жағынан—бидай масақтарынан, сол жағынан—енді ашыла бастаған мақта шанағынан өрілген көк, ақ және жасыл таспалы венкпен көмкерілген.

Елтаңбаның жоғары бөлігінде республика халықтары бірлігінің рәмізі—сегізбұрыш бар. Оның ортасына мұсылман әлемінің қасиетті белгісі болып саналатын жарты ай мен жұлдыз орналасқан.

Елтаңбаның қақ ортасынан аңыздық Жалынқұстың (тауыс)—бақыттың, игілік пен батырлықтың рәмізін көреміз.

Бұл рәміздердің барлығы да халқымыздың бейбітшілік, бақытты өмір, молшылық жолындағы үміт-армандарын бейнелейді.

Тәуелсіз Өзбекстан Республикасының мемлекеттік әнұраны 1992 жылы 10 желтоқсанда бекітілді.

Өзбекстанның халық ақыны Абдулла Арипов еліміздің таңғажайып табиғаты мен жанқияр адамдары туралы өлең жазды, ал атақты сазгер Мутал Бурханов оған тамаша ән шығарды. Қос таланттың туындысы бізге сенім мен жігер беріп, болашаққа жетелейтін әнұранға яғни гимнге айналды.

Балалар, сендер де мемлекеттік рәміздерді құрметтеңдер. Олар—біздің мақтанышымыз.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Мемлекеттік рәміздерге нелер жатады?
2. Өзбекстан Республикасы мемлекеттік рәміздерінің қашан қабылданғанын дәптеріңе жазып ал.
3. Рәміздерді жеке-жеке сипаттай аласың ба?
4. Сен тұрған қаланың немесе ауылдың рәмізі немесе оның ерекшелендіріп тұратын белгісі бар ма?
5. Жергілікті бірер кәсіпорынның, зауыт-фабриканың эмблемасын тауып, суретін сал.

Арасанбай Естенов

ҚАДАМЫҢ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Оқы, тоқы, сарала,
Отаныңды дарала.
Арқасында білімнің
Жер-жаһанды арала.

Оқу болып аңсарың,
Көңілінен шық баршаның.
Білім көгін шарлаумен
Мағыналы өтсін бал шағың.

Келешегі елімнің,
Көкжиегі көгімнің,
Азамат боп саналы,
Биіктерден көрінгін!

Бүлдіршіндей жастарым,
Тұңғыш қарлығаштарым.

Қыркүйектен бірінші
Білім күнін бастадың.

Құтты болсын қадамың!
Мықты болсын бағамың!
Зейін қоя жақсы оқып,
Үздігін ал бағаның.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Ненің арқасында жер-жаһанды аралай аласыңдар?
2. «Азамат боп саналы» деген өлең жолдарын қалай түсінесіңдер?
3. Өзің оқитын мектептің суретін сал.

ЖҰМБАҚ

Қалам алып қолына,
Түсті білім жолына.
Азамат боп шығасың
Осы үйден соңыра. *(Мектеп)*

Тұманбай Молдағалиев

ОТАН

Ойлайтын ылғи қамыңды
Әкең де – сенің Отаның.
Аяма шыбын жаныңды,
Аспанға көтер атағын!

Ақ сүтін берген аямай
Анаң да – туған Отаның.
Қызметіне жара да,
Кірлете көрме атағын!

Бауырың туыс, тумаң да—
Отаның сенің, біл, бала.
Алыстан арман қуғанда,
Намысын оның былғама.

Су берген нәрлі бұлақ та,
Көгорай гүлді алап та.
Кеуденді жылытқан шуақ та,
Қинала қалған сағатта—

Бәрі де сенің Отаның
Бойыңды биіктететін.
Рухына балап атаның
Өлгенше сүйіп өтетін.

Боларсың жұлдыз көгінде,
Үмітің, мүмкін, алдайды.
«Отан!» деп өткен өмірге
Өлім де жолай алмайды.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Өлеңнің әрбір шумағының мазмұнын айтыңдар.
2. Отанды ана мен әкеге теңеген жолдарды теріп оқыңдар.
3. **«Қызметіне жара да,
Кірлете көрме атағын»** деген өлең жолдарын қалай түсінесіңдер?
4. Өлеңде қандай сезім (отаншылдық) ерекше байқалып тұр?
5. Өлеңнің соңғы үш шумағын жаттап алыңдар.

МЕРЕЙІҢ ҮСТЕМ БОЛФАЙ, ТУҒАН ЕЛ!

Бүгін—Азаттық, Бостандық, Еркіндік атты шыңдарға шыққан күн! Бүгін—Егемендіктің алтын нұры басымызға сәулесін шашқан күн! Ойнакүл, асыр сал. Отандастар, дүбіріңді дүние естіп, шаттығыңды әлем тамашаласын!

Басқа елдер, басқа халықтар тарихын білу өте жақсы, ал өз тарихыңды білу одан да жақсы! Егемендік сол тұманды, күмәнді көңілден ысырып, көздегі шелді сылып тастады.

Тарих қойнауларынан Спитамен, Шырақ, Мұқанна, Махмұт Тараби (Тараби), Жалалиддин Мәңгуберді, Темір Мәлік, Әмір Темірлер қатар түзеп өткеніне жанарыңыз ауады. Осы көрініске назарыңыз түскенде, көкіректе мақтаныш сезімі оянып, осындай қаһармандарды жеткізген алтын топыраққа еріксіз бас иесің.

Егемендік үлкен табыстарға қол жеткізіп отыр. Өнеркәсіп дамып, ауыл шаруашылығы өркендей түсуде. Ірі құрылыстар әлі-ақ жемісін берері анық, алды жемісін берді де.

Ана мен балаға, зейнеткерлерге, денсаулықты сақтау, жалпы бұқараға көрсетіліп отырған қамқорлық—егеменділіктің шарапаты, бостандықтың игілігі, азаттықтың жемісі.

Елімізде не көп, той көп. Бұл нені көрсетеді? Бұл — тоқтықтың белгісі, бұл байлықтың, бұл жомарттықтың, бұл баянды тыныштықтың белгісі! Бірлік-берекенің рәмізі!

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Тәуелсіздік алған күніміз қай күн?
2. Тәуелсіздік алған күні халық неге кенелді?
3. Егемендік тарих қойнауынан қандай ұлы тұлғаларды елге қайта әкелді?
4. Еліміз кімдерге қамқорлық көрсете бастады?
5. Тәуелсіздік, егемендік жайлы қысқа шығарма жазыңдар.
6. Елімізде Тәуелсіздік күніне арналған қандай мәдени шаралар өтеді? Сол байқаулардың жеңімпазы мен жүлдегерлерін білесіңдер ме?

Төребай Сәрсенбаев

АНА ТІЛІ

Тіл үйреткен балаға
Борыштымыз анаға!
Қасиетті ананың
Сүтімен сіңді санаға.

Аманатты сақтай біл!
Ана сүтін ақтай біл!
Ұлт болмысын ұлықтап,
Ұлт мүддесін жақтай біл!

Біреуі ғой – киенің,
Ана тілім – киелім.
Отанымдай ардақтап,
Анам тілін сүйемін.

Шұбарламай тіліңді,
Алған жөн ғой білімді.
Үйлестір ұлттық санамен,
Игер де барлық ғылымды.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Өлеңді мәнерлеп, түсініп оқыңдар.
2. «Борыштымыз анаға» деген өлең жолдарын тауып оқыңдар
3. «Ана сүтін ақтай біл» деген өлең жолдарын қалай түсінесіңдер?
4. Не үшін Ана тілім – киелі?
5. Өлеңді жаттап алыңдар.
6. Ана туралы сурет салыңдар.

Қадыр Мырзалиев

НЕ ҮШІН?

- Екі көзің не үшін керек?
- Жақсыларды көру үшін!
- Екі қолың не үшін керек?
- Елге көмек беру үшін!

- Құлақ деген не үшін керек?
- Ақыл-кеңес тыңдау үшін!
- Жүрек деген не үшін керек?
- Жауларымнан қыңбау¹ үшін!

- Тіл мен жағың не үшін керек?
- Ақиқатты айту үшін!
- Ал аяғың?..
- Шетте жүрсем,
Туған жерге қайту үшін!

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. «Елге көмек беру үшін» деген өлең жолынан не түсіндіңдер?
2. «Туған жерге қайту үшін» дененің қай мүшесі керек екен?
3. Өлеңдегі сан есім сөздерін атап, сабақты қазақ тілімен байланыстырыңдар.
4. Өлең мазмұны бойынша сурет салып келіңдер.

СӨЗДІК

¹Қыңбау – қорықпау, тайсалмау.

Жақсылық Кенжалиев

ҚҰМЫРСҚАНЫҢ ИЛЕУІ

Бір кезде жер қазып жатқан екеудің бірі күрегіне үлкендеу кесектің бүтіндей іліккенін байқады. Десе де, ол күректегі үлкен кесекті сындыруға аса мән бере қоймады. Тек, «Кәдуілгі топырақтың бірі де» деп ата салды...

Кенет оны байқап қалған екіншісі сол кесектің жанына келді. Келді де қолымен ұстап әрі-бері көрді. Сосын:

– Әрі қарай қазбай-ақ қояйықшы, – деді. Бұл жер қазып жатқан баланың әкесі еді. Бала әкесіне: «Неге?», – деп сұраған да жоқ. Бірақ кесектің жанына ол да жақындап келді...

– Мына жер құмырсқалардың илеуі екен... Бұзылып қалмасыншы, – деді.

Екеулеп илеуді орнына әкеліп қойды.

Бұл кезде кішкентай аузы күнге қараған әлгі илеуге көктемдегі күннің нұрлы шуағы мейлінше құйылып тұрды. Ал әкелі-балалы екеуі отырғызылатын жас шыбыққа деп қазылатын жерді енді басқа жерден таңдауға бет бұрған еді.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Екеудің бірі не істей бастады?
2. Ол неге аса мән берген жоқ?
3. Кім кесек жанына келді?
4. Құмырсқаның илеулерін бұзбай, сақтауға әрекет етіңдер.

Ақшагүл Төлегенова

БІЗДІҢ ҮЙГЕ ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАН

Тұла бойы тұнған тек ұят, ардан,
Біздің үйге қарлығаш ұя салған.
Біздің үйге қарлығаш ұя салып,
Құдай маған бар бақты қия салған.

Қимылында биязы батылдық бар,
Олар үшін жұмыссыз жату тіпті ар.
Адамдарда тым сирек кездесетін
Қарлығашта қимас бір татулық бар.

Тіршіліктің дәмінен татып анық,
Шиқылдайды ұяда жатып алып.

Жер бетінде, адамдар, біздер жүрміз,
Татулықтың тамшысын сатып алып.

Қиялменен түндерім таңға ұлассын,
Мейірімге қашанда жарлы басым.
Жер бетінен таппадым жылы мекен,
Мені ұяңа кіргізші, қарлығашым?!

Кіргіз мені ұяңа балапан қып,
Жаңа шыққан тұқымнан шала жан ғып.
Жылы ұяңда ұйықтайын балбырап бір,
Қытықтасын денемді балапан – түк.

Тоқтаған ба тоғанға қиял-ағын,
Кел, қарлығаш, жаныма ұялағын.
Татулықтың белгісін сенен көріп,
Жүргеніме адам боп ұяламын.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Өлең не туралы жазылған?
2. Қарлығаш қайда барып ұя салған?
3. «Олар үшін жұмыссыз жату тіпті ар» дегенді қалай түсінесіңдер?
4. Татулық жайлы айтылған шумақтарды тауып оқыңдар.
5. «Кіргіз мені ұяңа балапан ғып» деген өлең жолынан не түсіндіңдер?
6. Қарлығаш үшін өз ұясы дүниедегі ең ұлы, ең ғазиз Отан екенін есте сақтаңдар.

СЫНЫПТАН ТЫС ОҚУ

Мекембай Омарұлы

НЕ НЕНІ ЖАҚСЫ КӨРЕДІ?

- Жылға, нені жақсы көресің?
- Еңбектің дәмін татқанды.
- Бұлақ, нені жақсы көресің?
- Түн бойы сылдыр қаққанды.
- Көл, нені жақсы көресің?
- Мөлдіреп қана жатқанды.
- Теңіз, нені жақсы көресің?
- Терең бір ойға батқанды.
- Өзен, нені жақсы көресің?
- Ел-жұртқа қарай аққанды...

Бөлімді қайталау үшін сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Жазушы Өзбекстан еліміздің мемлекеттік рәміздерін қалай суреттеген?
2. Арасанбай Естеновтың бұл өлеңінде не туралы айтылған?
3. Не үшін ана тілін киелі деп білесіңдер?
4. Қадыр Мырзалиевтің «Не үшін» өлеңінің тәрбиелік мәні неде?
5. Құмырсқаға илеу не үшін Отан? Ал қарлығашқа ұя не үшін Отан болып есептеледі? Ойлап көріңдер.

ЖОМАРТ МЕЗГІЛ



Абай

КҮЗ

Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,
Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан.
Білмеймін тойғаны ма, тоңғаны ма,
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.
Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай.

Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,
Жапырағынан айрылған ағаш құрай...

Күзеу¹ тозған, оты жоқ елдің маңы,
Тұман болар жел соқса, шаң тозаңы.

От жақпаған үйінің сұры қашып,
Ықтан қорыққан қазақтың құрсын заңы.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Жаз бен күзді салыстырып көріңдер.
2. «Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан» деген өлең жолынан нені ұқтыңдар?
3. Өлең жолдарындағы сын есімдерді (сұр, дымқыл, суық және тағы басқаларды) атаңдар.

СӨЗДІК

¹Күзеу – қалың мал жайылуға қонған жер.

Өтепберген Ақыпбеков

БҰЛТТАР КӨРМЕСІ

Маза кетті жұрттан бұл,
Шатыр ұстап, сыртта жүр:
Соңғы кезде
Күн көзі
Ашылмады бұлттан бір.

Қара, ала
Шарбы бұлт,
Көкті бүркеп алды күрт.
Жел айдаған қаңбақтай
Шептік бұлттар қалды сырт.

Қазбауыр бұлт мақтадай,
Аппақ, жауған ақ қардай...
Аспан бейне бұлттардан,
Көрме өткізіп жатқандай...

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Аспандағы бұлттардың түрлері қандай?
2. Өлеңді жаттап алыңдар.

Райхан Мәженқызы

ЕСІК ҚАҚҚАН ЕҢБЕК



Еңбек жауған жаңбыр тамшылары жерге жетпей кеуіп үлгеретін аты аңызға айналған Африка еліне аттанады...

Әлемдегі ең биік Намиб құм төбелері де осы Африкада болып шығады. Құм белестеріне

бет алған Еңбекті шөл қысып әбден әлсіреген Қара қоңыз қарсы алады.

Еңбек Қара қоңызды құм төбеге алып шығады да қараңғы түсуін күтеді. Өйткені түнде теңіз жақтан тұман түседі. Қараңғы түсе Қара қоңызды желге қарсы арқасын тостырып, басымен тұрғызып қояды. Оның арқасында қалың тұманнан тамшылар пайда болады. Арқасынан аққан тамшылар қоңыздың аузына құйыла бастайды.

– Рақмет! – деген қоңыздың әлсіз дауысы естіледі. Тамшыға таңдайы жібіген қоңыздың жаратушыға алғысы шексіз еді. Еңбекпен достасқан күннен бастап шөл далада тіршілік ететін Қара қоңыз осылайша шөлін тұманнан пайда болған тамшылармен қандыратын болыпты.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Еңбек қайда жол алды?
2. Қара қоңыздың аузына не тола бастады?
3. Қара қоңыз алғысты кімге айтты?

Қадыр Мырзалиев

МЕКТЕПТЕН ҚАЙТҚАНДА

Бұл бір қызық гәп, сірә
Аз сұрама, көп сұра!
Барған жақсы мектепке,
Қайтқан одан жақсырақ!

Ертеменен асығып,
Кітап-дәптер асынып,
Автобустың жұрт толы
Есігіне асылып.

Бола қалса бір апат,
Алады-ау ел жарақат!
Асықпай да аптықпай
Қайту үйге рақат!

Бұл ұнайтын қылық па?
Оны достар ұғып па?!
Кино көріп шығамыз
Жолай соғып клубқа!

Балалардай бір егіз
Құшақтасып жүреміз.

Алу үшін балмұздақ
Кафелерге кіреміз!

Әлі біраз шыдаймыз.
Үйге жетіп құлаймыз.
Содан кейін
«Бос уақыт
Жоқ» деп біздер жылаймыз.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Өлеңде қандай жағымсыз әдеттер баяндалып тұр? Санамалап айтыңдар.
2. Сол жаман әдеттерден жиіркенесіңдер ме?
3. 4-шумақтағы айтылған ой жақсы ма? Өлде жаман ба?
4. Осы өлең бойынша сурет салыңдар.

Дәнеш Ахметұлы

БАЛАПАН

(әңгіме)

Дәл осы кезде биік өскен теректің бұтағынан әлдене сусып түскендей болды. Ақжол жақын барып қараса, жұдырықтай сары жағал балапан екен. Қылтанақ қанаттары дір-дір етіп, анадай жерде тыпыршып жатыр.

Ұстамақ болып еңкейе бергені сол еді, кенет үлкендігі кептердей сары ала құс төбесіне келіп қалықтады да, безектеп тұрып алды. Не алыстамайды, не биіктеп ұшып кетпейді. Нақ төбесінде байланды да қалды.



Ақжол не істерін білмей аз-кем бөгелді де, ақыры балапанды қолына алып, тұра жүгірді. Жүгірген күйі әкесіне келіп:

– Әке, мынаны қараңызшы... – деді алақанындағы сары үрпек балапанды көрсетіп. – Жаңа теректің басынан құлап түсті.

Шамалы іркілген әкесі:

– Әй, балам-ай, бекер істепсің. Балапанды қайтадан ұясына салып кетпедің бе, – деді басын шайқап. Артынша төбесінде айналып жүрген құсты нұсқап:

– Көрдің бе ана құсты? – деді.

– Көрдім, – деді бала басын изеп. – Жаңа мен балапанды ұстап алғаннан бері төбемде қалқып жүр.

– Ендеше біліп қой... Ол күйкентай деген құс болады. Балапан соныкі. Ол сені балапаныма

қастандық жасайтын болды деп, жанын шүберекке түйіп, зар қақсап жүр.

Баланың қолындағы балапан да шыр-шыр етеді. Жүрегінің мұңын шаққан дауысы жон арқанды шымырлатқандай ащы еді.

– Осыдан екі ай бұрын, – деді әкесі сәлден соң сөзін жалғап. – Сен қатты ауырдың ғой. Түнімен денең қызып шығып, ертесі тағы оңалмадың. Сонда шешең екеуміз нақ ана күйкентай құстай шыр-пыр болдық. Сонда анаң ертеңгі шайын ішпей, сені дәрігерге алып ұшты. Сонда көрген азабымызды атама, есіме түссе, әзір де төбе шашым тік тұрады.

– Онда, – деді Ақжол әлдене есіне түскендей бұртиып. – Мен мына балапан, ал апам ана құс болды ғой?

– Дәл солай. Өз баласы үшін барлық ана дәл сенің апаң секілді жанын беруге дайын. Ал енді не істеуіміз керек?

Бала бір сәт ойланып қалды. Сәлден соң шұғыл бұрылып, келген жолымен кері қарай жүгіре жөнелді. Келіп, кәрі қарағайдың басына қарай өрмеледі. Кешікпей қалтасына салып алған балапанды ұясына салды да, жан-жағын қымтап қойды.

Сонда ғана ана құстың жаны жай тапқандай, жым болды.



Құс балапаны мен шешесі туралы әңгіме Ақжолдың жанына қатты әсер еткен еді. Сол күні ол көпке дейін өзімен-өзі болып, үнсіз жүрді...

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Ақжол қайда келді?
2. Теректің басынан не ұшып түсті?
3. Балапанды ол қайда әкелді?
4. Әкесі қандай ақыл айтты?
5. Құс балапандарын сақтаңдар.

ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ЖАЗУШЫЛАРЫ БАЛА КӨКЕК



Оспанхан
Әубәкіров
(1934–1986)

– Басқа құс өз аттарын
атамай ма,
Қорсынып әлде аттарын
жаттамай ма? –
Деп сұрады таңырқап бала көкек,
– Олар атын ұмытқан, торғай
болған,
Атымды атап жүремін, ондай
болман!
Деп шіренді әкесі – ала көкек.

БАЛА МЫСЫҚ

Аяғымен бет жуып бала мысық,
Көзді жұмып отырған тамақ ішіп.
Шекесіне шешесі шертіп айтты:
– Көзіңді аш, нанды сыйла,
«Жаман пұшық!».



БАЛА ТАЙЛАҚ

Бір тайлақ шауып келді алақайлап,
– Не болды? – деп сұрады аға
тайлақ.

– Біз бүгін тікен жедік талапайлап! –
Деп мез болып, билеп жүр бала
тайлақ.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Бала көкек, бала мысық, бала тайлақтар не деп мақтанды?
2. Көкек, мысық, тайлақтардың мақтанған сөздерін тауып оқыңдар.

Мақсұт Неталиев

КІМ БАҚЫТТЫ, БАЛАЛАР?

Кім бақытты, балалар,
Жәндіктер ме?
Құстар ма?
Құмырсқа ма?
Ара ма –
Бал таситын ұшқанда?!



Шырылдаған
Торғай ма?
Әлде мылқау
Маса ма? –
Мұны бақыт қолдай ма? –
Шақса адамды тасада.



«Бақытты ол – менмін! – деп, Мақтайды өзін Құмырсқа: – Ұйықтамастан келдім, – деп, – Түн ішінде жұмысқа.

Шарлап шығам егінді...
Бірге торғай, қазбенен.
Қыста жейтін жемімді –
Жинап алам жазда мен.

Ерте тұрам күнбе-күн,
Мақтанбаймын текке мен.
Жалқау болса кімде-кім,
Соны мүлде жек көрем».

Ара сонда арланып:
«Ең бақытты мен! – дейді.

Қауіп төнсе, қорғану –
Қолдарыңнан келмейді.

Іздеп гүлдің шырынын,
Ұшам күнде жан қинап.
Таппай дамыл, тынымды,
Жүрем елге бал жинап.

Бақыттымын сол үшін, –
Алғыс алам халықтан!
Әрбір үйдің қонысын
Аралаймын жалықпай».

Сонда сақау Маса кеп,
«Тіл безейді» тамсанып:
«Қараңғыны тасалап, –
Шығам түнде «ән» салып.

Жетемін де ызылдап,
Шағам қашқан баланы.
Шаққан жерім тызылдап,
Жара болып қалады...

Айқай салып масқара,
Жылап үйге жортады.
Бала түгіл, басқа да,
Менен қатты қорқады».

Торғай сонда шырылдап,
Былай дейді оларға:
«Сендер жерде жыбырлап,
Мен жүремін жоғарыда.

Ұшып-қонып жүремін,
Ағаштарды аралап...
Жапырақтар – тірегім,
Сонда отырам паналап.

Қонбасақ та қияға,
Түйір дәнді тауып жеп.
Балапандар ұяда
Күнелтеді, қауіп жоқ!

Еңбекқормыз біз деген,
Қадірлейміз уақытты...
Үйіміз бар жүздеген,
Мына біздер – бақытты».

* * *

Бақытты кім, балалар?
Айтып қана қоймалық!
Торғай ма, әлде –
Ара ма?
Көріңдерші ойланып?!

Маса ма сол жұғымсыз,
Бәлкім, әлгі
Құмырсқа? –
Ертелі-кеш тынымсыз,
Жүгіретін жұмысқа.

Көріңдерші саралап,
Мәнісі бар мұның да!
Құр мақтану жаман-ақ,
Кім бақытты шынында?!

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Құмырсқа не деп мақтанды?
2. Ара не деп мақтанды?
3. Торғайдың сөзіне қосыласыңдар ма, жоқ па?

ЖАЙЛАУДАН КӨШУ

Жаздың аяғында барлық ауылдар жаздық жайлаудан көтеріліп, күздеуге қарай көше бастады.

Көшкен кезде балалар қозыларды айдады. Қазір қозылар үлкейіп қалған. Жол оларды көктемдегідей шаршата қойған жоқ. Көктемде олар кішкентай, әлсіз болатын. Қайта-қайта болдырып қалатын.

Шөп шабатын жерге дейін көшіп бардық. Шөпті шауып, жинап алғанша осында болдық. Содан кейін егін еккен жерге жақын көшіп келдік. Бидайды орып, бастырып, қыстауға қарай көштік.

Жол бойы киіз үй тіге бермей, көбіне киіз үйдің екі керегесінен кішкене итарқа тіктік. Үлкен киіз үйлерді тігу, жинау қиын. Бұл көп уақыт алады. Ал кішкене күркелерді тез жинап алып, басқа үй жабдықтарымен бірге түйеге, өгізге артып алуға болады.



М. Əuezov
(1897–1961)

АҚСҮЙЕК



Ойнайтындарды мен екі топқа бөлдім. Бір топтың басшысы мен, екінші топтың басшысы Сартай болды. Ақсүйекті қай жаққа лақтыруды, содан кейін қай жерге дейін жүгіруді келісіп алдық. Алтыбақанға дейін жүгіретін болдық. Мен ақсүйекті құлаштап тұрып алысқа лақтырдым. Оның қайда түскенін ешкім көре алған жоқ. Бірақ жерге түскен дыбысын бәрі естіді.

Бәрі ақсүйекті іздеуге жүгірді. Өте ұзақ іздеді.

Бір кезде Сартай еңкейіп, жерден бір нәрсені көтерді. Мен өз тобыма:

–Сартайды ұстандар! Ол тауып алды?–деп айқайладым.

Сартай алтыбақан жаққа жүгіре жөнелді. Біз оны қуып бердік. Сартай бізден үлкен болатын. Жылдам жүгіретін. Біздің топтың бір баласы оны бәрібір қуып жетті. Осы кезде Сартайдың тобының да бір баласы жүгіріп кел-

ген екен. Ол ақсүйекті сол балаға ұстата салыпты. Біз мұны байқамай қалып, Сартайдың артынан жүгіре беріппіз. Ақсүйекті алған бала алтыбақанға жетіп алыпты. Біз жеңіліп қалдық.

Содан түннің бір уағына дейін тағы да әртүрлі ойындар ойнадық.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Ауыл қайтті?
2. Олар не шапты, не орды?
3. Алтыбақан басында балалар не істеді?
4. Кім жеңілді? Неге?

СӨЗДІК

1. *Күздеу* – жаз жайлаудан қайтқан елдің күзде отыратын жері. Мұны **күздік** деп те атайды.

2. *Итарқа* – көшіп-қонып жүргенде екі керегенің басын қосып жасаған баспана.

3. *Кереге* – киіз үйдің негізгі қаңқасын құрайды. Керегенің әр ағашын **желі**, ал керегелік желінің ең ұзынын – **ерісін**, қысқалауын – болашақ: ең қысқасын **сағанақ** деп атайды.

СЫНЫПТАН ТЫС ОҚУ

«ДОСТЫҚ»

(Ел аузынан)

Ертеректе ел ішінде Әйтiмбет деген сөзге шешен кiсi болыпты. Әйтiмбет шешенге замандастары:

– Достық нешеу? – деп сұрақ қояды. Сонда Әйтiмбет тұрып:

– Достықтың екі түрі болады. Бірі – адал достық та, екіншісі амал достық.

– Дұрыс-ақ. Енді оларды қандай ажырата аламыз? – дегендерге:

– Адал достық өмірлік нұсқа болады, амал достықтың өмірі қысқа болады, – деп жауап берген екен Әйтiмбет шешен.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Әйтiмбетке кімдер сұрақ қойды?
2. Достықтың түрлері бола ма?
3. Адал достық, амал достықтың қайсы бірін таңдайсыңдар?
4. Шешендік сөздерді жазып алып, жинап жүріңдер.

Бөлімді қайталау үшін сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Абай ақынның күзді суреттеуі (бейнелеуі) сендерге ұнады ма?
2. Еңбек ненің ішін аралайды?
3. Күзде, мектептен қайтқанда, мектепке барғанда көліктерге асылу жақсы әдет пе?
4. «Ақсүйек» ойыны сендерге ұнады ма?
5. Қазақтың, өзбектің қай балалар жазушыларын білесіңдер?

МЕКТЕП – БІЛІМ ОРДАСЫ, КІТАП – ОНЫҢ КІЛТІ



ЖАҚСЫЛАРДЫҢ ЖАҚСЫСЫ

Баяғыда бір ақылгөй қарияның жалғыз қызы болыпты. Қария бірнеше бөлмелі, жарық, биік, өте әсем үйде тұрыпты. Үйінің айналасы бау-бақша екен. Қарияның кішкентай қызы бақшаны, барлық бөлмелерді аралады. Қыз кірмеген жалғыз ғана бөлме қалды. Ол бөлме жабық тұратын.

Бір күні қыз қарияға:

– Әке, маған жабық тұрған бөлмеге кіруге рұқсат етіңіз. Осы бөлме басқа бөлмелерге қарағанда жақсырақ қой деп ойлаймын, – дейді.

– Оның дұрыс, қызым. Жақсылардың ең жақсысы сонда. Бірақ сен әлі жассың, өскенде бұл бөлмені саған беремін. Сен оған өмір бойы риза боласың, – деп жауап қайтарды әкесі.

Ай өтеді, жыл өтеді, қыз есейіп бойжетеді. Қария қызына жабық бөлменің алтын кілтін ұсынады. Қыздың қуанышы қойнына сыймай жүгіріп келіп, есікті ашып жібереді. Сонда оның көргені – ұршық, өрмек және кітап. Олардан өзге түк жоқ. Қыз әкесіне келіп, көз жасын бұлап тұрып:

– Әке, сіз «Жабық бөлмеде жақсылардың ең жақсысы бар» деген едіңіз. Мен онан ұршық, өрмек, кітаптан басқа еш нәрсе таппадым, – деді.

– Міне, жақсылардың жақсысы деген – осылар, қызым! Ұршық пен өрмек болса, еңбегің жанады. Ал кітап оқысаң, білімің артады. Жарық дүниеде бұдан жақсы нәрсе жоқ. Дүниедегі мүліктің бәрі еңбекпен, біліммен табылады деп түсіндірді қария.

Р. Босилек, болгар жазушысы

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Қария қандай үйде жасайды екен?
2. Қарияның қандай бөлмесі бар еді?
3. Қыз қарияға не айтты?
4. Қыз бойжеткенде нені көреді?
5. Үйлеріндегі ұршық пен өрмек және кітаптарыңды көз қарашығыңдай сақтаңдар.

ЖҰМБАҚ

Бір тайым бар – қаны жоқ,
Құйрығы жоқ, жалы жоқ.
Адамменен сөйлесер
Ақылы бар, жаны жоқ.

Сәбирам Азнабақиева

МАҚАЛ

Кітап – білім бұлағы,
Білім – өмір шырағы.

Гүлзада Нұрқожаева

КІТАП

Ақша беріп Мәкенге,
«Қалауыңды ал» – деген.
Барысымен дүкенге,
Ол конфет ап дәндеген.

Ақша берген Сәкенге,
Ол да ақшаны жұмсапты.
Барыпты да дүкенге,
Сатып апты кітапты.

Кітап – досым сыр алғыш,
Үйретері көп тегі.
Кейіпкерлер ұнамды
Көкейімнен кетпеді.

Жақсы менен жаманның
Аражігін ашасың.
Сырын ұқ деп ғаламның,
Ақылға ақыл қосасың.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Берген ақшаға конфет алып үйренген кім?
2. Сәкен алған ақшаға не сатып алыпты?
3. Жақсы мен жаманның аражігін не арқылы ашасындар?

Әбдікерім Ахметов

ЖҰМБАҚТАР

Жалғыз саусақ, найзаға
Ұқсайды да тұрады.
Бір бағытты қайда да
Нұсқайды да тұрады.
Тек солтүстік мұрады,
Бұл – не?

(Компас)

* * *

Дүрбісі айдын қайдағы,
Көз алдында Ай дағы.
Аясында тойдағы
Қарашада, Майдағы,
Ақылды да жайдары,
Кәрі-жасқа пайдалы.
Жұрт біледі бұл зорды...

(Телевизор.)

* * *

Темір қайшы – қос қайшы,
Шығыршықсыз бос қайшы.
Еңбеккерге дос қайшы,
Еріншекке қас қайшы.
Өтпейді бір бос күні...

(Сағаттың қос тілі.)

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Найзаға ұқсайтын не?
2. Орманда адасып қалсаң, дереу неге жүгінесің?
3. Жұмбақтағы бір-біріне қарама-қарсы сөздерді табыңдар.

СУРЕТ ЖҰМБАҚТАР



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Суреттегілер бойынша әңгіме құрастырыңдар.
2. Суреттің шешуі болған сөздер қай сөз табына жатады?
3. Өздерің де сурет жұмбақ жасап көріңдер.

ПАРТА

Арнаған барын балаға,
Не дер екен мұғалім?
Жақынша барлап алысты,
Танытқан Ай, Күн, Марсты, –
Не дер екен қарт ғалым?..
Осылардың бәрі де,
Жас та яки кәрі де,
Бір сөз айтып сендірер:
«Қай өнердің болса да,
Басы осы партада,
Мен де сонан өстім», – дер.
Қадірін оның жете ұқпай,
Деп ойлама құр тақтай,
Қасиетті орын – бұл.
Ертең жігіт болғанда,
Ақылың өсіп толғанда,
Құрмет тұтар төрің – бұл!

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. «Құрмет тұтар төрің – бұл» деген өлең жолын қалай түсінесіңдер?
2. Ай, Күн, Марсты біздерге таныстырғандар кімдер?
3. Партаға сызушы, есіміңді жазушы болма.
4. Парта жайлы «Менің партам» атты 7–8 сөйлемнен құралған мәтін жазыңдар.

ТІЛ АЛҒЫШПЫН

Мен тіл алғыш баламын,
Шақырғанда барамын.
Киімді өзім киемін,
Түймені өзім тағамын.

Тазалаймын тісімді,
Жөнге салам ісімді.
Мысығыммен ойнаймын,
Білем, қанша күшімді.

Мен тіл алғыш баламын,
Айтқан тілді аламын.
Жұмсаса егер бір жаққа,
Екі айтқызбай барамын.
Кітапты да оқимын,
Суретті де саламын.
Ән сап, би де билеймін,
Мен өнерлі баламын.

Достарымнан ұят-ты,
Тазаламау тұяқты.
Тап-таза боп жүрмесем,
Жұрт күлетін сияқты.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Оқушы тіл алғыш бала екендігін қай істерімен дәлелдеп тұр?
2. «Екі айтқызбай барамын» дегенді қалай түсінесіңдер?
3. Өлеңді жаттап алыңдар.

ОҚЫШЫ ДАНА АБАЙДЫ



Абай
(1845–1904)

Шалса да қырау самайды,
Үйретер саған талайды.
Оқы сен, оқы жалықпай,
Данышпан, дана Абайды.

Ашатын көңіл-сарайды,
Сазгер деп халқың санайды.
Тыңдасаң әрбір әндерін,
Танисың ұлы Абайды.

Көз тігіп көкке қарайды,
Тұныққа терең балайды.
Оқышы қайта мән беріп,
Кемеңгер, асыл Абайды!

Шалса да қырау самайды,
Үйретер саған талайды.
Оқы сен, оқы сол кезде,
Данышпан, дана Абайды!

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Өзбекстан Республикасының астанасы Ташкентте қазақтың қай ақынының ескерткіші бой көтерді?
2. Ташкент қаласында және еліміздің барлық облыстарында да қандай және кімнің оқулары өтеді?
3. Абай бабамыздың қай әндерін естігенсіңдер?
4. Өзбекстанға еңбегі сіңген артист Жеңісбек Пиязов кімнің әндерін де орындап жүр?

БІЛІМ ТУРАЛЫ МАҚАЛДАР

Білім – қымбат, білу қиын.

* * *

Ақыл – тозбайтын тон,
Білім – таусылмайтын кен.

* * *

Адамның көркі киімі емес,
Білімі.

* * *

Күш – білімде.

* * *

Ойна да күл,
Оқы да біл.

* * *

Оқу түбі – тоқу.

* * *

Оқу – білім азығы,
Білім – ырыс қазығы.

* * *

Білекті бірді жығады,
Білімді мыңды жығады.

* * *

Қына тасқа бітеді,
Білім басқа бітеді.

* * *

Білгіш адам жаңылмас,
Білімді адам адаспас.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Мақалдарда не туралы айтылған?
2. Мақалдардағы негізгі ойлар қандай?
3. *Тон, кен* сөздері қай мақалда айтылған?
4. Ішінде сан есімі бар мақалды айтыңдар.
5. Мақалдардағы ұйқасқан сөздерді атаңдар.

Әнуарбек Дүйсенбиев

ҮЙІРМЕДЕН ҮЙІРМЕ

Үйірмеміз көп біздің,
Бәрін қолдан өткіздің.
Үйірменің сен барған
Санын онға жеткіздің.

Бір күн болдың аспазшы,
Болдың бірде бақташы.
Бірде болдың моделші,
Ұнамады басқасы.

Сөйтіп жүріп спорттың
«Сортын» қудың үш-төрт күн.
Ұста болып саусақты
Тістеуікке тістеттің.

Оны тастап бір кеттің,
Биші болдың сен көп күн.

Таба алмадың сонымен
Жеңіл жолын еңбектің.

Жүрсің әлі секеңдеп,
– Арманыма жетем, – деп.
– Жалқауларға үйірме
Ашылмайды екен, – деп.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Өлеңді басқаша атауға болар ма еді, болса, қандай ат қоюға болар еді, ойланыңдар?

2. Өлеңде қандай-қандай үйірмелердің аты аталады?

3. Сенің мектебіңде қандай үйірмелер бар? Саған олардың қайсысы ұнайды?

4. Үйірмеге қатысып жүріп, әлем чемпиондары болған еліміздің қай жігіттерін білесіңдер?

Ыбырай Алтынсарин

Қожанасыр әңгімелерінен:

ШӨЛДЕГЕН ЕКЕНСІҢ...

Қожанасыр бір астан қайтып келе жатып, жолда бұлаққа кезігіп қалыпты. Шөлдеп келе жатқан Қожекең су ішіп, енді тұра бергенде, құйын соғып, бөркі суға түсіп кетеді.

Сонда Қожа:

– Е, сен де шөлдеген екенсің ғой, жарайды, әбден қанып ал, содан соң келерсің, – деп жүріп кетіпті.

КІТАП ЕСКІРМЕЙДІ

Қожанасыр досының үйіне келсе, ол үйін тазалап жатыр екен. Қожа одан:

– Е, досым, не істеп жатырсың? – деп сұрайды.

– Ә, Қожа, мынау ескірген киім, қағаз, кітап – бәрін өртейін деп жатыр едім, – дейді досы.

– Қой, досым! Киім ескіргенімен, кітап ескірмейді. Кітаптың сырты ескіргенімен, ішіндегі ақыл сөзі ескірмейді, – депті сонда Қожанасыр.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Қожанасыр қандай адам болған?
2. Өзбек, қарақалпақ ағайындар Қожанасырды не деп мақтаныш етеді?
3. Қожанасырдың тауып айтқан ақылды сөзін кітаптан тауып оқыңдар.

СЫНЫПТАН ТЫС ОҚУ

Болат Үсенбаев

СӨЗ МӘЙЕГІ

Жерінтіп жаманнан,
Жақсыны үлгі еткен.
Талапты адамға
Өмірді үйреткен.

Ақылдың кеніндей
Асыл ой сандығы

Мақалды ерінбей
Жаттаймын әр күні.

Биікке өрлеуге
Аталы сөзі – үлгі.
Мақалсыз көркеуде
Санаймын өзімді.

Мақал мен мәтелдер –
Ақыл-ой мәйегі.
Мақал мен мәтелдер –
Даналық әлемі.

Өлмейтін даналық
Қалдырды бабамыз.
Мақалдан нәр алып,
Ашылды санамыз.
Мақал да, мәтел де
Өмірден туады.
Күн болып жаһанға
Шашырар шуағы.

СӨЗДІК

Көркеуде – оқымаған, надан адам.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Өлең сөздеріне мән бере оқы.
2. Мақал-мәтел бізді неге үйретеді?
3. Мақал-мәтелді неліктен «аталы сөз» деп атайды?

КИМ ОЙЛАП ТАПҚАН?

Сөздерді ең аяулы
Жақсы көріп, жаттадым.
Енді білдім
Оларды
Кімнің ойлап тапқанын.

«Ана» деген сөзді де,
«Аға» деген сөзді де,
«Әке» деген сөзді де,
«Тәте» деген сөзді де,
«Ата» деген сөзді де,
«Апа» деген сөзді де—
Ойлап тапқан—балалар!

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Қазақ тіліндегі туыстық атауларды атаңдар.
2. Өлеңді жаттап алыңдар.

Бөлімді қайталау үшін сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Жақсылардың жақсысы не екен?
2. Болгар жазушысының фамилиясы кім?
3. Гүлзада Нұрқожаеваның «Кітап» өлеңінен қандай әсер алдыңдар?
4. Жұмбақ жаттап, жазып жүрсіңдер ме?
5. Абай кім? Ол не жазды?
6. Ташкенттегі Абай ескерткішін білесіңдер ме? Ол қайда орналасқан?
7. Сөз мәйегі не?
8. Ол бізді неге үйретеді?

ӨНЕР, ӨНЕРДЕН РИЗЫҚ ӨНЕР



ӨНЕРДІ СҮЮ

Қазақтың бейнелеу, музыка, театр және сәулет өнері мен әдебиеті – ұлттық мәдениетіміздің тамаша көрінісі. Музыкатанушылар, жазушылар, суретшілер, театр артистері, сазгерлер, әншілер қазақ өнерін әлемге таныстырды.

Қазақтың ұлттық жазба әдебиетінің негізін салушы – Абай. Ұлтымыздың классик ақындары мен жазушыларының шығармаларында ғылым-білім, өнер, қоғам, мәдениет мәселелері сөз болады.

Халық суретшісі Орал Таңсықбаев – бейнелеу өнерінің шебері.

«Лазги» ансамблінде көп жылдар бойы еңбек етіп, халықтар достығын өзінің репертуарына арқау еткен Мавлюда Айнақұлова мен өзінің талантымен көпшіліктің құрметіне бөленген опера әншісі Жеңісбек Пиязовтар – «Өзбекстанға еңбегі сіңген артист» деген жоғары атаққа ие болған өз қандастарымыз.

Тұран Ғылымдар Академиясының академигі Қалдыбек Сейданов пен белгілі журналист Қатира Нұрбаевалар – «Өзбекстан Республикасына еңбегі сіңген мәдениет қызметкері» деген мемлекеттік атаққа ие болған азаматтар.

Ал мүсінші Жолдасбек Құттымұратов атамыз – Қарақалпақстанның халық суретшісі, Бердақ атындағы мемлекеттік сыйлықтың иесі, Өзбекстан Өнер Академиясының академигі болып есептелінеді.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Кімдер халық өнерін әлемге таныстырушы?
2. «Лазги» ансамблінде кімдер еңбек етті?

ЕҢБЕК ЖЕМИСІ

Әкесі алты гектар жер алған. Сол-ақ екен, қауырт жұмыс басталды да кетті. Таңертең Асан ұйқысын қимай әрең тұрады.

–Тұр, балам,–дейді әкесі. –Көктемнің әр күні жылға азық.

Содан үй іші болып жердің басына келді. Әкесі, шешесі, өзі, екі інісі. Жұмыс қызу бас-

талып кетті. Екпегендері жоқ. Сәбіз, картоп, пияз, жүгері, орамжапырақ, қауын-қарбыз. Асан жазғы демалысын атыз басында өткізді. Екі інісімен сонда қонады. Әкесі шартақ соғып берген. Екіншіде оқитын Досан–шай дайындаудың шебері.

– Биыл өнім жаман болмас, – дейді әкесі жайқалған көкөністерге көз салып қойып. – Еңбек етсең, Жер-Ана да иіп сала береді.

Әкесінің айтқаны келді де тұрды. Егін мол өнім берді. Әсіресе қауын-қарбыздар теңкиіп көздің жауын алады. Сауда бақшада ақ қызыды. Бейтаныс ағалар көлікпен келіп, өздері тиеп әкетіп жатты. Әкесі мәз, мұртынан күледі. Оқудан келісімен, Асан атызға асығады. Әке-шешесіне көмек беруі керек. Әлі де атызда қалған-құтқан өнім көп. Қызанақтар жерге түсіп, ағып жатыр. Өткенде ауыл балалары масақ теруге келді. Өзімен төртіншіде бірге оқитын Айкүміс те бар. Екеуі бірге отырып қауын жеді.

– Қауының не деген тәтті? – деді Айкүміс. Асан біраз марқайып қалды. Әсіресе «Қауының» деп айтқанына.

– Тойып жеп ал, – деді. – Кешке бес-алты қауын ала кет. Әйтпесе, үйіңе өзім апарып тастаймын. Ауыр ғой.

Айкүміс үндемеді. Әдемі жымыып қойды. Бұған өте риза болғаны.

Әкесі бүгін өте көңілді екен.

–Ертең менімен бірге жүріңдер,–деді үш ұлына. –Базарға апарып, не керек болса, соны алып берем...

Сол күні үй іші мәре-сәре болды. Асан мен Үсен су жаңа костюм-шалбарды қайта-қайта киіп көріп әлек. Ал ең кішкентай Досан болса, жаңа велосипедтің дөңгелегіне жел беріп әлек. Насос пен мұрны да пыс-пыс етеді.

–Жаз бойғы еңбектерінің өтеуі ғой,–деді әкесі әдетінше мұртынан күліп.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1.Асанды ұйқысынан оятқан кім?
- 2.Олар қайда келді? Не екті?
- 3.Өнім қалай болды?
- 4.Әкесі неге күлді?
- 5.Әңгіме неліктен «Еңбек жемісі» деп аталды?

Ернұр Сейдахметұлы

КІМ БОЛАМ?!

Дән егіп терлейтін
Екінші болсам ба?
Шаршауды білмейтін
Тігінші болсам ба?

Ұл-қызға үйретер
Мұғалім болсам ба?
Кірпішті үй етер
Құрылысшы болсам ба?

Тәтті нан пісірер
Наубайшы болсам ба?

Қырандай есіл ер—
Ғарышкер болсам ба?

Шопан ба, кенші ме?
Жоқ, бағбан болсам ба?
Дәрігер, елші ме?
Әлде ұшқыш болсам ба?

Білмеймін әлі мен,
Өскенде кім болам?
Әйтеуір еліме
Қалаулы ұл болам!

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Егін егетін адамдарды кім дейді?
2. **Құрылысшы** не істейді? Сен құрылысшы болсаң, қайтер едің?
3. **Ғарышкер** дегенді қалай түсінесің? Қай ғарышкерлерді білесіңдер?
4. Мәтін мазмұны бойынша сурет сал.
5. Өз мамандығы арқылы елге ерекше еңбек еткен Өзбекстан азаматтары туралы әңгімеле.

СЫНЫПТАН ТЫС ОҚУ

«Балдырғаннан»

ПИРАМИДАЛАР ЖӨНІНДЕ НЕ БІЛЕМІЗ?

Пирамидалар Олимпиада (Греция), Эфесте, Галикарнаста, Родоста (Түркия) Александрияда, Гизада (Египет), Вавилонда (Иран) болған. Біздің ғасырымызға бүлінбей бүтін жеткені Гиза

пирамидасы. Кейбірінің жұрнағы сақталған немесе жазба деректер арқылы мәлім.

Әлемнің жеті ғаламатының бірі – Гизадағы Хеопс пирамидасы – көне ғасыр жәдігерлерінің баға жетпес жауһары. Шамамен біздің дәуірімізге дейінгі 2550 жылдары салынған. Бұндай алып құрылыстар сол елдің қуатты айбынын, адамзат өнерінің жасампаздығын айшықтайды. Пирамидалардың пайда болуына сол дәуірдегі діни наным-сенімдер мен салт-дәстүрлердің де зор ықпалы болды. Ол Египеттегі Нілдің сол жағалауына орналасқан. Ферғауын Хафтың тірі кезінде өзіне жасатқан тас мавзолейі. Қазіргідей қуатты техника, көтергіш крандар жоқ кезде жұпыны құрылыс құралдары және қол күшімен салынған құрылыс геометриялық дәлдігімен таңдай қақтырады. Оның құрылысы ғасырларға жалғасқан. Тасты Ніл жағалауынан тасып, шамамен 20 мыңдай адам күнделікті жұмыс істеген. Биіктігі 147 метр, салмағы 5 млн. тоннадан асады, 2 млн. аса тас кеспектерден тұрады. Жұмысшылар 2,7 млн шаршы метр тас қашаған. Пирамида ішінде Хафтың мәйіті сақталмаған. Бүгінге жеткені оның піл сүйегінен жасалған шағын мүсіні ғана.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Пирамидалар қай елдерде бар?
2. Хеопс пирамидасы қайда орналасқан?
3. Пирамидалар ненің күшімен салынған?

МЕН ҚАЛАДА ТҰРАМЫН

Жүгірмеймін өзенге,
Жоқ меншікті бұлағым.
Қайтем енді, төзем де,
Мен қалада тұрамын.

Мен қалада тұрамын,
Тұрмыс салтым аян-ақ:
Құдық – шүмек-краным,
Ал жайлауым – саябақ.

Мен қалада тұрамын,
Өте басқа өрнегім.
Гүлзар – жасыл құрағым,
Субұрқақтар – көлдерім.

Бүркіт ұстап, ат мініп,
Келер жұртқа ұнағым.
Жеткізбей жүр тәтті үміт,
Мен қалада тұрамын.

Көкелерге шағынам,
Ертіп кетсін – сұрарым.
Іздей қалса, табылам:
Мен қалада тұрамын.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Неге өзенге қарай жүгірмейді?
2. *Субұрқақтар* сендер тұрған жерде бар ма?

ЖАЛБЫЗДЫНЫҢ ЖАҒАСЫНДА

Жалбыздының жағасынан кері қайтарда тізгінді Жәлел ұстады. Ақ есектің жүрісі манағыдай емес, ширақ.

–Анау қарбыздан ала кетейік,—деді Жәлел. Үйге келе жатып көргенбіз, үлкен!

–Әлі көк қой,—дедім. –Әрі көріп қойса, ұят болады.

–Көрмейді.

–Өзенбай атай осылай қарап тұр ғой.

–Жақындағанда белгі беремін. Түсіріп алған болып, шелекті тастап жібер. Сонан соң жерге түсесің де, қарбызды шелекке салып, әпере қоясың...

–Көк болса ше?—деймін. Жәлелдің тапқырлығына қайран қалдым. Қалай ойлап таба қойды?! Лажсыз келістім. Қонақты ренжітуге болмайды. Атам солай деген.

Жәлел белгі берді. Мен шелекті тастап жібердім. Қалтырап есектен түсе алмадым. Жәлелдің өзі секіріп түсіп, қарбызды әп-сәтте шелекке салды да, маған әперді. Ештеңе болмағандай, тізгінді қайта ұстады. Бақша күзетшісі Өзенбай атай қолын көлегейлеп қарап тұрған. Көрген жоқ шығар, байқаса, дауыстар еді ғой.

Қалың талдың ішіне кіріп, қарбызды жардық. Көкпеңбек, піспеген екен. Мен Жәлелге ренжи қарадым. Ол езуі жайылып күлді. Сөйтті де, көк қарбызды қарбыта екі-үш рет асады. Қалғанын өзенге лақтырды.

–Көңілсіз қайтыпсыңдар ғой?–деді атам.

–Күн ысып кетті,–деді Жәлел жып етіп.

Ендігі ойынымыздың қызығы болмады. Қайта-қайта жалбыздарға қараймын, бастарын шайқайтын сияқты. Жәлелге бұрылсам, төмен қарайды.

...Демалыс аяқталуға тақады. Жәлел екеуіміз соңғы рет бірге шомылып келе жаттық. Жолда Өзенбай атай тоқтатты.

–Екеуің жаздай саумал тасыдыңдар. Қымбат апаларыңның қымызын іштік. Ризамын сендерге. Мынаны екеуің бөліп жеңдер,–деп, үлкен ала қарбызды алдымызға тосты.

Біз жерге кірердей ұялдық. Қайтарда екеуімізге үлкен-үлкен екі қарбызды тағы ұстатты. Баяғы «жиендігімізді» білді ме, жоқ па? Әй, біледі-ау, біледі ғой...

Қалаға қайтарда Жәлел: «Кешір» деді. Мен түсіндім.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1.Жәлел қайда жасайды?
- 2.Шал не істеді?
- 3.Олардың қылықтары сендерге ұнай ма?
- 4.Олар неге ұялды. Себебі не?

Жарасқан Мырзамұратов

ӨНЕГЕ

Әсет үй ауласында ойнап жүрген болатын. Бір кезде оны әкесі «Бері кел!» деп шақырды. Лезде жетіп келген ұлына Қасым ағай:


– Балам, біз ауылдастарымызды, көрші-қолаңдарымызды әрқашан сыйлап, тату болуымыз керек. Бір-бірімізбен жақсы қатынаста болғанымыз – ол адамилықтың белгісі. Бұрынғы бабаларымыз елге біреу көшіп келсе немесе алыс сапардан оралса, ол адамға құрмет көрсетіп, үйіне шақырып, ас-су берген. Маған ондай өнегені жас кезімде әкем үйреткен. Балам, енді сен онға кірдің, санға кірдің. Осындай қастерлі ұғымдарды біле жүргенің жөн. Жақында әскери қызметтен оралған көрші Полат ағанды бүгін үйге тамаққа шақырамыз. Полат ағаң бір жерге шығып кетпей жатып хабарлап кел, – деді сабырлы үнмен. Теледидардан әскерлерді көрсе, ішкен асын жерге қоятын, өзі де әскер болуға, Отан қорғауға қызығатын титтей Әсеттің құлағына бұл сөз майдай жағып кетті.

Полат ағасы үйге келген соң да қасынан шықпады. Оның әскери киіміне, айтқан әрбір әңгімесіне әуестеніп отырды. Бір кезде Қасым ағай: «Көрдің бе, балам, Полат ағаң өзінің достарымен бірге ел қорғау үшін шекарада қызмет атқарды. Сөйтіп Отан алдындағы өз борышын адал етіп, мінеки, елге аман-есен оралды. Сен де ер жетсең әскер боласың» деп оның талпынысын арттыра түсті.

Сұрақтар мен тапсырмалар:



1. Әсетті кім шақырды?
2. Қасым ағай не айтты?
3. Әсеттің кім болғысы келіп кетті?

Анаграмма «Е».



1. Халық, жұрттың үшінші аты.
2. Бір мен үштің арасындағы сан.
3. Үлкен жапырақты ағаш.
4. Жұмыс, іс.
5. Аяқ киім тігетін адам.

Айырмашылықтарын табыңдар.



Несіпбек Айтмов

ЕҢБЕКТИҢ БӘРІ – МАМАНДЫҚ

Мамандық алғың келе ме?
Мамандық өзі немене?
Айналаң толған мамандық,
Айналаң толған өнеге.

Үйренем десең жалықпа,
Мамандық сырын анықта.

Қолыңнан жұмыс келмесе,
Тие ме пайдаң халыққа?

Еңбектің бәрі – мамандық,
Жер-көктің бәрі – мамандық.
Білуге бәрін талаптан,
Танытып нағыз адамдық.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Мамандық туралы не білесіңдер?
2. Ата-анаң, ағаң, әпшең кім болып істейді?
3. Білесіңдер ме, Өзбекстан Үкіметі жаңа мамандық дайындау бойынша қандай қаулылар қабылдаған?
4. «Жер-көктің бәрі – мамандық» дегенді қалай түсінесіңдер?
5. Мамандық бойынша сурет салып келіңдер.

СӨЗДІК

1. Маман – бір сала бойынша кәсіп етуге шұғылданған қызметкер.
2. Мамандық – еңбек қызметіндегі негізгі кәсіп түрі.
3. Еңбек – жұмыс, қызмет, іс.

Бөлімді қайталау үшін сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Әр мәтінді түсініп оқыңдар.
2. Еліміздегі қазақ өнерпаздарынан кімдерді білесіңдер. Жеңісбек Пиязов кім?
3. Сендер қай мамандықтың иесі болмақшысыңдар?
4. Еңбек туралы қандай мақал-мәтелдерді білесіңдер?
5. «Ұлт өнерпаздары – халқымыздың мақтанышы» деген тақырыпта әңгіме жазып келіңдер.

КҮМІС ҚЫС



Қайырбай Төрегожа

ЖЕЛТОҚСАН

Күтіп еді мұны дала,
Күтіп еді мұны қала.
Күтіп еді мұны бала,
Қар жауыпты, мұны қара!

Мына қардың тазасын-ай!
Қалай ғана басасың-ай?!
Келіп қалған Мергендерге,
Уыстап ап, шашасың-ай!

Алғашқы қар, алғашқы қар,
Жақсылыққа жалғасшы, бар!

Жылы мезгіл артта қалып,
Желтоқсан алға шығар...

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Қыс айлары нешеу?
2. Кім қарды күткен болатын?
3. Қарды сипаттаған сөздер қайсылар?

Сағи Жиенбаев

КЕЛ, ЖАҢА ЖЫЛ, ЖАҢА ЖЫЛ

Аяз беттен өбеді,
Ай барады жылыстап.
Аспан жерге төгеді,
Ақ күмістен уыстап.
Көрсін біздей балғынды,
Көңілденсін ол енді.
Шырқатайық ән-жырды,
Шырқатайық өлеңді.
Жүзімізде күлкі ойнап,
Қанаттанды жанымыз.
Жаңа жылды біз тойлап,
Шаттанамыз бәріміз.
Өлең де әзір, ән әзір,
Ойын да әзір, бәрі әзір.
Кел, Жаңа жыл, біздерге,
Кел, Жаңа жыл, Жаңа жыл.

СӨЗДІК

Өбеді – сүйеді деген мағынада.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Ақ күмістен деп нені сипаттап тұр?
2. Біз неге шаттанамыз?
3. Өлеңді жаттап алыңдар.

Тұманбай Молдағалиев

АЯЗ АТА КЕЛГЕНДЕ



Қыс ертерек тау жаққа алды көшіп,
Нарларының іздері қалды өшіп.
Балаларға сыйлығын берейін деп
Аяз ата кеп қалды қарды кешіп.

Кірпігі мұз, сақалы сары аяздан
Жаяу жүріп аттыдан қалай озған.
«Мектеп көрген сәбилер оқысын» деп
Айтарының бәрін де хатқа жазған.

Асыр сап жүр етекте суық серің,
Сайға тықты жапырақты қуып келіп,
Ата-аналар түгелдей әнге басты,
Аяз ата, алдыңнан шығып сенің.

Қыс та, құс та әндерін айтады анық,
Оралады тауына қайта барып.
Өзіңменен жүргенде бірге билеп
Таңның қалай атқанын байқамадық.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Қарды кешіп келіп қалған кім?
2. Оны сипаттаған қандай сөздер бар? (кірпігі мұз...)
3. Нені байқамады?

СЫНЫПТАН ТЫС ОҚУ

БАҚЫТ ДЕГЕН НЕ?

Ертеде бір бозбала болыпты. Ол өзінің кедейлігін айтып үнемі мұңаяды екен.

– О-ой, шіркін-ай, егер менің мол байлығым болса, өмірім де жақсы болар еді. Онда бақытты болып, қызық дәурен сүрер едім! – деп армандайды екен.

Күндердің күнінде оның үйінің жанынан өтіп бара жатқан тас қалаушы бір шебер бозбаланың сөзін естіп қалады. Қасына барып:

– Сен неге соншама қайғыра бересің? Сенің мол байлығың бар ғой, мұңая берме дейді.

– Менің байлығым бар дейсіз бе? Қандай байлықты айтып тұрсыз өзіңіз? – дейді.



– Сенің баға жетпес байлығың айналаңды анық көретін көздерің, – дейді қария. Бір көзіңді қанша ақшаға сатар едің? Немесе ақысына басқа не сұрайсың? – дейді шебер.

– Не айтып тұрсыз, – деп бозбала шошып кетеді. – Мен көзімді ешқандай ақшаға да, басқа ешбір дүниеге де бермеймін.

– Жарайды, – дейді тас қасаушы. – Онда қолдарыңды кесіп сат. Ақысына көп алтын аласың?

– Жо-о-оқ! Мен қолдарымды да ешқандай алтынға бермеймін, – дейді бозбала безілдеп.

– Е, балам, менің ойымды енді өзің де түсінген шығарсың, – дейді тас қалаушы шебер қария. – Сен өте бай, нағыз бақытты адамсың. Қайғыра берме. Көпті көрген мен сияқты қарттың сөзіне сен. Адамның ең зор байлығы – денінің саулығы. Денсаулығының арқасындағы күшің, қайратың. Денсаулықты

ешқандай ақшаға сатып ала алмайсың. Дені сау адам – ең бақытты адам! – деп, қария бара жатқан жолымен әрі қарай жүріп кетті.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Бозбала неге мұңаяды?
2. Тас қалаушы шебер оған көзіңді неге сат деді?
3. Тас қалаушы шебер енді қолыңды сат деп балаға неге айтты?
4. Адамның ең зор байлығы – деннің саулығын сақтаңдар.

АЙТЫС

Айтыс – халық ауыз әдебиетінің бір түрі. Орталық Азияда қазақ, қырғыз халықтарының арасында кең дамыған. Елімізде бүгінгі күнде қыбырайлық Құлмахан ақын Дүйсенов пен жоғары шыршықтық Талғат Мәмбетовтер жұрт алдында өз өнерлерін көрсетіп жүр.

Ақылбек Шаяхметов

АЯЗ БЕН ҚЫДЫР

(Айтыс)

Аяз:

– Қабағыма қар қатып,
Кірпігіме мұз қатып,
Қатал қыстың әмірін
Жүрмін жұртқа тыңдатып.

Малың ықса боранда,
Төлің өлсе қораңда,
Ол да менің ашуым,
Ерегіскен оңар ма?!

Айтшы кімнің күші кем?
Суық сөздің сұсы – мен.
Бұлақ суын қатырдым
Таяғымның ұшымен.

Қыдыр:

– Жерді көріп тебірендім,
Елді көріп емірендім.
Суытушы сен болсаң,
Жылытқалы мен келдім.

Сен отырсаң күрсініп,
Менің қаным – тіршілік.
Сен шыршаны қиғызсаң,
Мен еккізем бір шыбық.

Тау суындай тасамын,
Бұлақ көзін ашамын.
Ақ ниетті адамға
Жақсылықты тосамын...

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Айтысты кім (не) бастады?
2. Аяз не деп мақтанды?
3. Қыдыр атаның жауабы қалай болды?
4. 4-шумақтағы бір-біріне қарама-қарсы (антоним) сөздерді айтыңдар.

ОЙЫНШЫҚТАР КӨТЕРІЛІСІ



Кейінгі кездері бес жасар Айнамкөз ойыншықтарын жинауды, сындырмай күтіп ұстауды мүлдем ұмытты.

Ертеңіне Айнамкөз кереуеттің астынан аяғының ұшы ғана көрініп жатқан теңбіл кербұғысын тартып шығарды. Сол сол-ақ екен, кербұғы көзін алартып, басын тұқыртып, тармақ-тармақ мүйіздерін бұған бағыштап тұра қалды. Ашулы. Оны итере салып, Айнамкөз қуыршағына жармасты. Шашы таралмаған, көйлегі кір-кір, оның да ойынға зауқы соқпай, көзі жасаурап теріс айналды.

Сүйкімді маймақ қонжық та Айнамкөздің шақырғанына қолын бір сілтеп, манеждің тасына қарай томпаңдай жөнелді. Оның да реніші орынды, өйткені Айнамкөз қонақтар әкелген

кәмпит-күлшемен бөлісуді білмейді. Ылғи бір өзі жейді. Кезек әншейінде ойынға бір қанбай, ылғи ұшып-қонып тұратын допқа келді. Бұл жолы ол да ашудан тырсылдап, жарылуға сәлақ қалып тұр екен. Көптен жуылмаған сатпақ-сатпақ көк жолақты қызыл доп Айнамкөздің қолы тиер-тиместен беті ауған жаққа безе жөнелді.

Айнамкөз осылайша әр ойыншығын бір ұстап көрді. Есесіне, олардың бәрі де өздеріне салдыр-салақ қарағаны үшін бұған өкпелі болып шықты. Басқасын айтпағанда, ұқыпсыз ұсталған түрлі-түсті бояу қарындаштары да иесіне ренжіп, оның икеміне көнбеді. Бәрінен көңілі қалған Айнамкөз жыларман халге жетті. Ақыр соңында, ол ойыншықтарынан кешірім сұрауға мәжбүр болды. Содан бері Айнамкөз ойыншықтарын күтіп ұстап, ойнап болғасын оларды орын-орнына жинап қоятын болып жүр.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Айнамкөз нені ұмытты?
2. Кербұғы қандай мінез көрсетті?
3. Ойыншықтар неге Айнамкөзге өкпелі?

Бақытжан Тобаяқов

ҚАҢТАР

Қақаған қыс – қаңтарым,
Көп қой оған айтарым.



Достарыммен қарға аунап,
Үйге мәз боп қайтамын.

Қардан жасап аққала,
Тұрғызамын үйлерді.
Шабыттанып шаттана
Шертем шаттық күйлерді.

Қаңтар айы – каникул,
Аралаймын шаһарды.
Шымшыса да бетімді,
Емес аяз қаһарлы.

АҚПАН

Ақпан айы ақырып,
Келсе-дағы ықпаймын.
Боз боранын шақырып,
Тұрса-дағы бұқпаймын.

Күнтізбенің тым қысқа
Айы осы ғой, жүрсек біз.
Айтатындай шын қыс па,
Оның соңы білсек біз.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Қаңтар айын ақын қалай суреттейді?
2. Қашан және қай жағдайда ән саламыз?
3. Бетті қарыған не?
4. Ең қысқа ай қайсы?
5. Боз деген сөзді неге байланысты айтқан?

Алма Қыраубайқызы

ЛҰҚМАН ХАКІМ

Лұқман хакім туралы біраз қызық әңгімелер бар. Лұқман шығыстың сөзі, данышпан деген мағынаны береді. Лұқман – шығыс әдебиетінде көп айтылатын ақылды, дана адам.

Лұқман хакім қарыз сұрап келген кісінің бетін қайтармайтын еді. Бір күні бір кісі келіп, мың алтын алады. Іштей: «Қарызын бермей кетейін» деп ойлайды. Жолда бара жатып, бір жерге демалып отырады. Сол кезде бір құс ұшып келіп, жатқан түйіншекті іліп ала жөнеледі. Құс Лұқман хакімнің үйінің төбесінен ұшып бара жатқанда, түйіншегі жерге түсіп кетеді.

Қарыз алған кісі Лұқман хакімге қайтып келеді. Тағы мың алтын беруін өтінеді. Ішінен: «Егер осы жолы берсе, мың алтынын екі мың қылып қайтарармын-ау» деп ойлайды.

Лұқман сұрағанын береді. Алтын алған кісі сауда жасап, мың алтыннан он мың пайда көреді. Лұқманнан алған қарызын екі есе етіп қайтарады. Сонда Лұқман хакім: «Бірінші алғанда бермей кетейін деп арамдық ойлап едің, ол саған бұйырмады. Екіншіде адалдық ойлап едің, пайда таптың. Бұдан былай қара ниетті болма», – депті.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Лұқман деген сөз қай халықтікі екен?
2. Кімнің бетін Лұқман баба қайтармапты?
3. Жаман ниеттегі кісінің сөзін мәтіннен тауып оқыңдар.
4. Лұқман хакімнің айтқан сөздерінде де мәтіннен тауып оқыңдар.

Балдырғаннан

АТАСЫ МЕН НЕМЕРЕСІ

Атасы бес жасар Ержанға ойыншық автомат сатып әперген.

Ел орынға отырып, шам жаққан кезде Ержан ойынға қызу кірісіп кетті.

Ол бір кезде креслода отырған атасына келіп:

– Ата, мен деген батырмын! Міне, автоматым бар. Ештеңеден қорықпаймын! – деді танауы делдиіп.

Атасы оны басынан сипап:

– Иә, сен батырсың, балам. Ештеңеден қорықпайсың, – деп қолпаштап қойды.

Ержан батыр автоматын тырылдата атып, басқа бөлмеге жүгіріп кетті.



Сол сәтте лып етіп жарық сөніп, үйдің іші тастай қараңғы бола қалды.

– Ата-а! – деді Ержан кірген бөлмесінен, дауысы қаттырақ шығып.

– Әй, не болды, жай ма?

– Қараңғыда қорқам!

– Неге қорқасың, «батыр» емессің бе? – деді атасы.

– Мен деген шам жанып тұрғанда батырмын, – деді немересі.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Ойыншық автоматты кім сатып әкелді?
2. Еркіннің танауы неге делдиді?
3. Кімнің даусы қаттырақ шықты?

ТӘНІМ МЕНІҢ ТІЛ ҚАТАР

Көз

Жақсы, жаман неменің
Мен бәрін де көремін.
Жаманынан қашықтап,
Қалап алам керегін.

Құлақ

Жақсы сөзді тыңдаймын
Жаман сөзге қыңбаймын.
Жақсы хабар естісем,
Жеткізгенше тынбаймын.



Мұрын

Сезіміме сыйысты
Сезем барлық иісті.
Адам жаман иісті
Иіскемеуге тиісті.

Ауыз

Ауызбын деп жей берем,
Бере берсе дей берем.
Артық ішіп қоям деп,
Таяқ жеймін кейде мен.



Тіс

Болса егер тіс бүтін,
Болар сенде іш бүтін.
Ауырмаған адамда
Әрқашан да іс бүтін.

Сөздік

Қыңбаймын – мән бермеймін немесе еле-меймін деген мағынада айтылған сөз.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. «Дені саудың – жаны сау» дегенді қалай түсінесіңдер?
2. «Аузың мен тіліңе ықтият бол» дегенді қалай деп ойлайсыңдар?
3. Әр мүшенің өз орны бар екенін ұмытпаңдар.

Мылтықбай Ерімбетов

СУЫҚ

Томпаң қағып, анасына:

– Тоңдым, тоңдым, – деді бала.

Торқа көрпе арасына

Тоқтышақтай енді бала.

Қымтап, орап көрпеменен,

Қасына оның келді де Ана.

Құлынына еркелеген

Әңгіме айтып берді жаңа:

– Салқын болып көрінеді

Саған құстың көлеңкесі.

Ойландырдың, тегі, мені,

Анасының сен еркесі.

Табаныңнан сыз өтпесе,

Маңдайыңнан күн.

Күзгі боран, қысқы аязда
Өне бойың дір етпесе.
Туған жерді сүю – қиын,
Ел қадірін білу – қиын.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Ана не істеді?
2. Балаға не де салқын болып көрінеді?
3. Не қиын?

ӨНЕГЕЛІ СӨЗ

Баланың көңлі – далада,
Ананың көңлі – балада.

Бөлімді қайталау үшін сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Қыс айлары қай айлар?
2. «Желтоқсан» жырындағы ұйқастар қайсы?
3. Жылы мезгіл қай айлар?
4. Аяз ата кейпінде кімді көресің?
5. «Бақыт деген не?» әңгімесін рөлге бөліп оқыңдар.
6. Айтысты теледидардан және концерт залдарында көрген-білгенің бар ма?
7. Қай айтыс ақындарын білесіңдер?
8. Бұл айтысты жазған кім?
9. «Лұқман» сөзінің мағынасы нені аңғартады?

ОТАНДЫ ҚОРҒАУ – АСЫЛ ҚАСИЕТ



Мекембай Омарұлы

ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАҺАРМАНЫ

Үлкен шынардың көлеңкесінде немересімен отырған қарт өз ұрпағына өткен күннен қызықты бір әңгіме айтып отыр. Қолында кеше ғана жарық көрген «Нұрлы жол» газеті:

– Біздің елді батырлар елі десе де жарасады. Өйткені Сабыр Рақымов, Іният Наурызбаев, Піліс Нұрпейісов, Қаңлыбай Тасқұлов, Ілияс Оразов сынды кешегі соғыста ерлік жасаған батыр аталарың бар. Айтқандай, Сабыр аталарыңды білесіңдер ме?

– Жоқ, ол кісі кім? – деді немересі қазбаланып.



– Сендерге айып жоқ, – деді қарт қолындағы газетке бір қарап қойып, – білмесеңдер біліп алыңдар. Сабыр аталарың соғыс кезінде опат болған. Соғыстың аты – соғыс. Соғыс шығынсыз болмайды.

– Баба деймін, – деді немересі, – ол да қатардағы әскер ме?

– Жоқ, Сабыр аталарың генерал...

– Жай генерал ма? Тұрсынхан Құдайбергенов ата сияқты ма? – деді немересі сұрақтарды біртіндеп тереңдетіп.

– Сен де осы өскенінде генерал болайын деп тұрған баласың-ау.

– Иә, – деді баба немересінің сұрақтарына дән риза болып.

Қарт:

– Енді мына бір суретке қараңдар, – деп «Нұрлы жол» газетіндегі бір адамның суретін көрсетті, – көкірегінде ордені бар айналайынның.

– Сонда бұл аға кім болды?

– Иә, ордені бар, – деп баба өз сөзін тағы да бір рет қайталады.

– Бұл батыр ағаларың, анау Оралбек Сапаров дейтін қарт бабаларыңның батыр баласы.

– «Батыр бала» дейсіз бе?

– Иә.

– Шынымен батыр ма?

– Шынымен.

– Аты кім?

– Аты – Әбдәкім. 2004 жылы Байжігіт ауылында террористермен болған атыспа кезінде ауыр жарақаттанып, Отан үшін жанын қия жаздады. Сол ерлігі үшін Өзбекстан Республикасының бірінші Президенті И.А.Каримов өзінің жарлығымен оны мемлекеттік «Шоншухрат» орденімен марапаттады. Елдің болашағы сендерсіңдер. Сендер де Тәуелсіздік қаһарманы – Әбдәкім Сапаров ағаларыңа қарап бой түзеп өсіңдер, – деді қарт немересіне.

Немересі газеттегі суретке сүйсіне қарап қойып:

– Рақмет ағама! – деді, – біз де сондай қаһарман батыр боламыз.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Қарт немересіне не айтты?
2. Сабыр Рақымов кім?
3. Әбдәкім Сапаров қандай ерлік көрсетті?

А. Қуатов

ШЕКАРАШЫ БОЛАМЫН

Мен әзірге баламын,
Ертең ер боп толамын.
Елді қорғар дұшпаннан
Шекарашы боламын.

Отан жайлы жыр, әні,
Мен де осы елдің ұланы.
Шекараны қорғауға
Ит қажет қой қырағы.



Жалқау десе кім сенер?!
Күзетке де тым шебер.
Шәуілдейді күшігім,
Бөтен кісі кірсе егер.

Отаныма бақ мекен
Болу керек сақ, бекем.
Аттанғанда әскерге
Күшігімді ап кетем.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Шекарашы нені күзетеді?
2. Шекарашыларға ит қандай көмек береді?
3. Отан күзетінде тұрғанда қалай болу керек?
4. Отанның шекарасын қырағы күзетіңдер.

Қуан Ахетов

БІР ҮЙДЕ БАР ҚОС БАТЫР



Ардақты жан мен үшін
Әкем, анам, әрине.
Ал ардақты ел үшін
Тағы екі адам бар үйде.

Ардақты олар бар елге,
Ардақты олар әлемге.
Батыр олар, өйткені,
Менің атам, әжем де.

Отаны үшін от кешкен,
Мен атаммен мақтанам.

Кеудесіне оқ тескен
Орден, медаль тақты атам.

Біздер үшін қайралған,
Намысы әр кез тағылым.
Беріп келген майданға,
Денесінің жарымын.

Бір кем емес әжемнің
Ерлігі де атамнан.
Он бір бала өрбітіп,
«Батыр ана» атанған.

Немерелер мәз енді,
Бар бақытты ұл-қызы.
Кеудесінде әжемнің,
Жарқырайды жұлдызы.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Үйде неше ардақты адам бар?
2. Оларды қай қызметі үшін мақтаныш етесіңдер?

Боран Қыдыров

ЕЛ ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ

Елді қорғау – әрқашан да ерлігің,
Қорғамайды, айтыңдаршы, елді кім?

Ел қорғаны болу – адам қарызы,
Ер жігіттің елін қорғау – парызы.

Ел қорғауға жанын қиған талайлар,
Ер жігіттер елін жаудан абайлар.

Елді қорғау – болса түпкі мақсатың,
Көп жүректе қалар онда жақсы атың.

Ел қорғаны тұрады екен ерліктен,
Елде туып алар ұрпақ ерлікпен.

Ел қорғауға сала білсең зейінді,
Сенен үлгі алар ұрпақ кейінгі.

Елім десең, елеулісің халқыңа,
Ел қорғамай, ермін деп шалқыма.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Елді қорғау қандай қасиет?
2. *Қарыз* бен *парыз* туралы жазылған шумақты тауып оқыңдар.
3. Қашан, қайтсең еліңе елеулі, халқыңа қалаулы боласың?

СЫНЫПТАН ТЫС ОҚУ

Ескен Елубаев

ЖАУЫНГЕР ОН ЦИФР

«Өтеп Отан борышын,
Елін жаудан қорысын»...
Он цифрды әскерге
Алып кеткен сол үшін.





Жұп сандар – бір бөлімше,
Тақ сандар – бір бөлімше.
Жауынгерлер бес-бестен,
Екіге тең бөлінсе.

Бұған айтар қосымша,
Жұп сандардың осынша
Қосындысын шығарса,
Бәрі қанша қосылса?..



Бұған айтқан қосымша,
Тақ сандардың осынша
Қосындысын шығарса,
Қанша бәрі қосылса?..



Жұп сан – шағын бөлімше,
Тақ сан – шағын бөлімше.
Шабуылға шығады,
Жаудың шебі көрінсе.

Бүкіл жұп сан – оң жақта,
Бүкіл тақ сан сол жақта.
Соғысуға кірісті,
Жаудың көзін жоймаққа.



Астан-кестен бұл ұрыс
Аяқталды...
Тым-тырыс...
Бар ма қаза тапқандар,
Енді анықтау дұп-дұрыс.

Жұп сандардан – бір солдат,
Тақ сандардан – бір солдат.
Осы ұрыста оққа ұшқан
Қайсылары,
Кім сол?
Тап!



Тақ сандарды қарасаң,
Қосындысын санасаң,
Он сегіз боп қалыпты,
Оққа ұшқан қай дара сан?..

Жұп сандарды қарасаң,
Қосындысын санасаң,
Жиырма алты боп қалыпты,
Оққа ұшқан қай дара сан?..

(Жауабы: жұп сандардың қосындысы – 30;
тақ сандардың қосындысы – 25;

Жұп сандардан қаза тапқан – 4, тақ сандардан қаза тапқан – 7).

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Кімді әскерге алып кетті?
2. Жұп сандар мен тақ сандар қандай бөлімшеде болатын?
3. Қай бөлімшедегі әскерлер шабуылға көп шығатын еді?
4. Жұп сандардың қосындысы нешеу болды?
5. Тақ сандардан қаза тапқандарының саны нешеу?

БОЗТОРҒАЙДЫҢ ЕРЛІГІ

Бозторғай ертелі-кеш балапандарына жем тасумен жүрген еді.

Күн сәскеге таянғанда, ұясына жем алып ұшып жеткен бозторғай бір қатердің үстінен түсті. Ұзындығы сала құлаш қара шұбар жылан тілін сумаңдатып ұясына жақындап қалыпты. Балапандары аузын ашып, шыр-шыр етеді.

Бозторғай ұя мен жыланның аралығына келіп қонды.

– Мына сорлы қайтеді-ей?! Жан керек болса, былай тұр жолымнан, – деді жылан басын көтеріп.

– Сен менің балапандарымды жемексің, қалайша мен саған жол бермекпін? Жоқ, ол болмас.

– Онда өзіңді жеймін.

– Жей алмайсың.

– Не дейсің? Бозторғай жыланға қыр көрсетті дегенді кім естіген.

– Кім естісе, ол естісін. Мен балаларымды тастап кете алмаймын. Одан да өзімнің өлгенім жақсы.

– Онда кел бері, түс аузыма.

– Аш аузыңды.

Жылан аузын ашып, көзін жұмды.

Бозторғай керегі де осы еді, жыланды шап беріп екі аяғымен басынан мықтап бүріп, жерден іліп әкетті. Жылан торғайды орап алмақ

болып жиырылып, әлектеніп көріп еді, ештеңе шықпады.

Бозторғай шырқай көтеріліп, тү-у биіктен жыланды жайпақ тастың үстіне тастап жіберді. Сосын жер бауырлай ұшып, оның парша-паршасы шыққанын көрді де, жөніне кетті.

Бозторғай бұл ерлікке балапандары үшін барған еді.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Бозторғай неге жолықты?
2. Жылан бозторғайға не деді?
3. Бозторғай «Мен балапандарымды тастап кете алмаймын» деп не үшін айтты?
4. Бозторғай қандай жақсы қасиет көрсетті?
5. Бозторғай неге кезікті?
6. Жыланның ойы, мақсаты не еді?
7. Бозторғай не, кім үшін ерлікке барды?

Бөлімді қайталау үшін сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Біздің елде қандай батыр аталарың бар?
2. Шынардың түбінде кімдер әңгімелесіп отыр?
3. Қарт газетке неге бір қарап қойды?
4. Ұлы Отан соғысының батыры Сабыр Рақымов деген бабаларыңды және генерал Тұрсынхан Құдайбергенов деген аталарыңды білесіңдер ме?
5. «Батыр бала» атанған кім еді? Оның әкесі кім болатын?
6. Әбдәкім ағай қай ерлігі үшін «Шон-шухрат» орденімен марапатталды? Ол ненің қаһарманы?

ҰЛЫЛАРДЫҢ НАСИХАТЫ ҰЛЫЛЫҚҚА БАСТАЙДЫ



ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ

(870–950 жылдар)

Әбу Насыр әл-Фараби – дүниежүзілік мәдениет пен ілімнің Аристотельден кейінгі екінші ұстазы, арабша: «Муаллими соний» атанған данышпан, философ, сан қырлы ғалым, әдебиетші, ақын.

Ол Арыс өзенінің Сырдарияға құя беріс сағасындағы ежелгі Отырар қаласында туылған. Ежелгі түркілердің орталық қаласы, мәдениет орталығы болған Отырарда әр түрлі тайпалар мекен еткен. Бұл шаһарды арабтар «Фараб» деп кеткен. Әл-Фарабидің толық аты-жөні: Мұхаммед ибн Ұзлық Тархани.

Әл-Фараби алғашқы білімді туылған жері Отырарда алады. Одан соң Бағдат, Қорасан, Дамаск, Каир қалаларында оқып, ең көрнекті ғалымдардан тәлім-тәрбие алады.

Фарабидің «Ақылдың мәні туралы трактат», «Данышпандықтың інжу-маржаны», «Ғылымдардың шығуы», «Аристотель еңбектеріне түсіндірме» сияқты 200-дей зерттеу еңбектері оның есімін әлемге танытты.

Фараби Дамаск қаласына жерленген.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Әбу Насыр әл-Фараби кім?
2. Ол қайда туылған? Ол қала бүгінде не деп аталады?
3. Әбу Насыр не себептен «әл-Фараби» атанды?
4. Ол қай жерлерде білім алды?
5. Оның неше зерттеу еңбектері бар?

ӘБУ ӘЛИ ИБН СИНА

Сұрады:

– Тіпті құламайтын ғимарат қайсы?

Деді:

– Әділет ғимараты.

Дедім:

– Қай жол арқылы байлыққа қол жеткізуге болады?

Деді:

– Ілім мен білімге құрмет көрсету жолымен.

Дедім:

– Адамдардың қайсысы ақылдырақ?

Деді:

– Аз сөйлеп, көп тыңдайтыны және көп білетіні.

Дедім:

– Жиһанда қай қасиет ізгі?

Деді:

– Кішіпейілділік пен міндетсіз көмек беру.

Дедім:

– Адамдар қай қасиетті аса қадірлейді?

Деді:

– Үш нәрсені: біреулерге қысым көрсетпеу, өтірік айтпау, сөзге қонақ бермей, өзгені ренжітпеуді.

Дедім:

– Егер іліммен шұғылдансам, неге қол жеткіземін?

Деді:

– Егер кіші болсаң, ұлы және мәшһүр боласың, кедей болсаң, байлық арттырасың, мәшһүр болсаң, одан да мәртебең арта түседі.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Қайткен адам ақылды есептеледі екен?
2. Адамдар неше қасиетті аса қадірлейді?
3. Ұлы адамдардың даналық сөздерін көшіріп алып, жаттап жүріңдер.

ЖҮСІП ХАС ХАЖИБ БАЛАСАҒҰН

Жүсіп Хас Хажиб Баласағұн—XI ғасырдың аса көрнекті ақыны. Оның есімі шығыс елдеріне кеңінен танымал болған. Ол—данышпан-ойшыл, ғалым, белгілі қоғам қайраткері.

1069 жылы он сегіз айдың ішінде Жүсіп бабамыз «Құтты білік» атты дастанын жазып аяқтады. Бұл дастан—қазіргі түркі тілдес халықтардың орта ғасырдағы тарихы, қоғамдық-саяси өмірі, ғылымы, әдебиеті мен мәдениеті, салт-санасы туралы мол деректер беретін көркем туынды.

«ҚҰТТЫ БІЛІК» ДАСТАНЫНАН ҮЗІНДІЛЕР

1. Ақыл—шырақ қара түнді ашатын,
Білім—жарық нұрын саған шашатын.
2. Кісілік қымбат емес, кішілік қымбат.
3. Әдептің басы—тіл.
4. Ақыл көркі—тіл,
Тілдің көркі—сөз,
Адам көркі—жүз,
Жүздің көркі—көз.
5. Әдепті ақылдыдан үйренесің.
6. Біліп айтқан сөз білікті саналар,
Біліксіз сөз басыңды жеп, табалар.
7. Наданға төрден орын тисе, қор етеді,
Данышпанға босағадан орын тисе, төр етеді.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Жүсіп Хас Хажиб Баласағұн қай ғасырда туылған?
2. Ол қандай дастан жазды?
3. «Құтты білік» дастанының ерекшелігі неде?
4. «Әдептің басы–тіл» деген сөзді қалай түсіндіңдер?

ШЫҒЫСТЫ СУРЕТІМЕН СИҚЫРЛАҒАН

«Мұсылман әлеміндегі ренессанс» (қайта өрлеу) деген ұғым 1336–1405 жылдары өмір сүрген атақты қолбасшы ұлы сайыпқыран бабамыз Әмір Темірдің есімімен және оның әулетімен тығыз байланысты.

Атақтары әлемге тараған Әмір Темір әулеті, олардың сарайларындағы ғалым, шайыр, философтардың ішінде шоқ жұлдыздың біріндей боп жарқырап Камалиддин Бекзаттың есімі тұр.

Ол 1455 жылы Гератта дүниеге келген. Жастайынан әке-шешеден жетім қалған талант иесінің гүлденіп ашылуына ол тәрбиеленген ортаның игі ықпалы мол болды.

Науаи Байқараға айтып, жетім баланы сарай төңірегіне шақыртады. Осы күннен ол Науаи қамқорлығында болады. Ұлы ұстазынан жан-жақты тәрбие, терең білім алған тума талант өзгелерден биіктеп, дара көрінеді. Шәкіртінің сенімін ақтағанына қуанған Науаи оны Гераттың суретшілер шеберханасының бас жетекшісі

етіп тағайындайды. Міне, Бекзаттың нағыз кемел шағына келіп толысуы осы кезең болатын. Ол осы шеберханада жүріп шығыс бұлбұлы Фердаусидің «Шахнамесін», Низамидің «Хамсасын», Сағдидың «Гүлстанын», Шарафиддин Али Яздидің «Зафарнаме» – Әмір Темірдің жорықтары туралы шығармаларын әшекейлеп суреттермен, бедерлермен безендірген. Бұл істеген иллюстрациялар қазіргі иллюстрацияның шеңберінен асып кеткен керемет дүниетұғын. Оның үстіне Бекзат біздің тілімізде айтқанда, тек қана көркемдеуші ғана болған жоқ, өзінің ұстазы Науаидың, ұстазының ұстазы Жамидің, Сұлтан-Хүсейн Байқараның, Шайбаниханның, Шах Ғариб мырзаның, тағы басқа замандастарының қайталанбас келбеттерін (портреттерін) жасаған.

Жауһар шығармалары бүгінде дүниенің төрт бұрышында мағлұм, ұлы суретші шығармаларын кезінде замандастары өте жоғары бағалаған, шығыс аңыздарындағы ұлы суретші Манеге теңеген. Батыстың хас шеберлері оны «Шығыстың Рафаэлі» деп атаған.

*Мұхтар Құлмахамбетов,
суретші*

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Камалиддин Бекзат қашан, қайда туылған?
2. Оны алғаш рет қолдап-қуаттаған өзбектің атақты қай ақыны?

МАХМҰТ ҚАШҚАРИ

Махмұт Қашқари—он бірінші ғасырда өмір сүріп, еңбек еткен ұлы тілші. Ол «Диуани лұғат ат-түрк» атты еңбек жазып, өз заманындағы түркі тілдерінің ғылыми грамматикасын жасады.

Махмұт Қашқари орта ғасырдағы мәдениет орталықтарының бірі болған—Баласағұн қаласында туылған. Балалық шағы осы маңайдағы Үбіл және Әзін деп аталатын қыстақтарда өткен. Ұлы ғалымның «Қашқари» деп аталуының себебі сол, оның бабасы Баласағұн бір кезде Қашқардан көшіп келген.

Болашақ ғалым Баласағұн, Қашқар, Самарқанд, Бұхара, Нишапур, Мерв және Бағдат шаһарларында оқыған.

«Диуани лұғат ат-түрк» жинағынан үзінділер:

1. Ұлық болсаң, кішік бол.
2. Құс қанатымен,
Ер атымен.
3. Көрікті тоның өзіңе болсын.
Шырын асың өзгеге болсын.
4. Кісі аласы ішінде,
Жылқы аласы сыртында.
5. Арыстан қартайса, тышқан інін күзетер.
6. Күздің келетіні жаздан-ақ белгілі.
7. Әдептің басы—тіл.
8. Бақыт белгісі—ақыл мен білім.
9. Кеңеспен істеген іс келісе береді,
Кеңессіз істегендер керісе береді.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Махмұт Қашқари қай ғасырда өмір сүрген?
2. Болашақ ғалым қай қалаларда оқыған?

МІР ӨЛІШЕР ФИЁСИДДИНҰЛЫ НАУАИ



Ә. Науаи
(1441–1501)

Өзбек халқының ғана емес, төрткүл дүниенің ұлы ақыны әрі ойшылы Мір Әлішер Фиёсиддинұлы Науаи 1441 жылдың 9 ақпан күні Қыратта туылды.

Әкесі Фиёсиддин темурилер сарайының шенді адамы, ал әжесі шаһ бүлдіршіндерінің тәрбиешісі еді. Әлішер Темір ұрпақтарымен бірге тәрбиеленеді. 4 жасында оны оқуға береді.

Қорасан сол кездегі ірі орталықтардың бірі еді. Бірақ мұнда шенді адамдар арасында бақталастықтың күшейіп тұрған кезі болатын. Сондықтан да 1449 жылы Науaidың отбасы Ирақтың Тафт қаласына көшіп барды. Содан 1452 жылы Қырат қаласына қайтып оралды.

Әлішер өзінің туған қаласы Қыратта оқуын қайта жалғастырып, әдебиет пен тарихты, пәлсапа мен логиканы зейін қойып үйренеді. Сондай-ақ, ол сурет, ән-күй, көркем жазумен де шұғылданды. Сол кездегі ақындарға тән бір қасиет—қостілділік. Әлішер де қос тілде—түркі мен парсы тілдерінде шығармашылықпен шұғылданып, талантты ақын ретінде Қыратта

үлкен абыройға ие болды. Кейінірек Әлішер түркі тіліндегі шығармаларына «Науаи», ал парсы тілінде жазылған шығармаларына «Фони» деген бүркеншік есім (псевдоним)мен қол қойды.

Небары 15 жастағы Әлішер 1456 жылы Қорасанның әкімі Әбілқасым Бабурдың сарайына жұмысқа кірді.

Есейе келе, тек ақындық жолын ғана ойламай, елдің жарқын болашағын да ойлаған ұлы ақын ең алдымен елдің көркеюіне үлес қосты. Оқу-ағарту, өнер мен әдебиетке де көп көңіл бөлді. Қырат қаласындағы құрылыстарға басшылық жасады.

Ол мұсылман елінің сол кездегі ең ірі орталықтарының бірі Самарқантқа келеді. Әлішер мұнда ұлы ақындардың бірі – Әбдірахман Жәмимен танысып, ол кісіден үйренеді. Оны өзіне ұстаз тұтады.

Ақылы толысып, кемеліне келген Әлішер бабамыз өмір бойы ізденді, үйренді және басқаларға да үйретті. Ойға толы өлеңдер мен прозалық шығармаларды жазды.

Әлішер Науаи 1501 жылдың 3 қаңтар күні Ауғанстанның Қырат қаласында қайтыс болды.

Өзбекстандай тәуелсіз елі, халқы Ә.Науаи есімін ардақтап, облыс атын оның абзал есімімен атады. Сонымен қатар Ташкентте және басқа да жерлерде ескерткіш орнатылды. Метро, институт, Мемлекеттік кітапхананың да аты Ә.Науаи атымен аталады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Әлішер Науаи қайда туылды?
2. Ол кімдермен бірге тәрбиеленді?
3. Ол шығармаларын қай тілдерде жазды?
4. Науаи неше жаста жұмысқа кірді?
5. Әлішер бабамыз өлең жазудан басқа ел үшін тағы да қандай игілікті жұмыстарды атқарды?
6. Ол қашан қайтыс болды?
7. Мемлекетіміз Ә.Науаидың құрметі үшін қандай шараларды атқарды?

Әлішер Науаи

КӨҢІЛДЕРДІҢ СҮЙГЕНІ

Қай көңіл ауыр сөзден жаралы болса, ащы тіл оған найза сынды болып көрінеді. Көңілге шаншылған тіл қанжарының жарасы бітпейді, өйткені, бұл жарақатқа ешнәрсе де бұласыр, орнына жарамайды. Әрбір көңіл тіл қанжарынан жараланса, жұмсақ сөз бен шырын тіл оған ем болады және рахат бағыштайды. Жылы сөз көз байлаушы секілді жыланды інінен шығарса, жақсы мәлім жауыздарды да досқа айналдырады...

* * *

Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады. Сөз парқына бармай, әйтеуір ойына келгенді былшылдай беретіндер қара кештен таң атқанға дейін үретін итке ұқсайды. Шайпауыз жан халық көңілін жараласа, өз басына да опат келтіреді. Наданның былжырау үшін тамағын қырнауы—есектің орынсыз ақырғанымен тең.

Тілі бал татитындар сөзін жай және қиыннан қиыстырып айтады. Көңілдің көкжиегінде көрінбек болған жүз қайғыңыз да оның бір ауыз сөзінен ыдырап кетеді. Мүмкіншілігі бар әрбір жақсылық – сөзден.

* * *

Қорқынышты хабарды шындық деп дереу дос құлағына «алтын сырға» етіп тақпа. Және біреудің айыбы көрініп тұрса, бетіне оны салық етпе.

Аударған М. Омарұлы

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Көңіл неден қалуы мүмкін?
2. Көңілге не ем болады?
3. Жақсы кісі жамандарға да жақсылық істей ме?
4. **«Тіл тас жарады»** дегенді қалай түсінесің?
5. «Біреудің көңілін қалдыру бір шаһарды талқандағанмен тең» дегенді естідіңдер ме? Ол сөз нені аңғартады?
6. Мәтіннен **қайырымдылық, шапағат** туралы айтылған сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

СЫНЫПТАН ТЫС ОҚУ

СЫПАЙЫЛЫҚ ПЕН ӘДЕП ЖАЙЛЫ

Сыпайылық халық махаббатына бөлейді және ұлысты сыпайылық жасаған жанмен тонның ішкі бауындай жақындастырады. Сыпайылық достық гүлзарында таза гүл ашып, ол гүлзардан дос және үлпәтшілік жиынына әр түрлі гүлшоқтарын сыйға тартады.

Әдепті жан көптеген кісілерден жақсы және барлық халайықтан ұнамды, бірақ үлкендерге қарағанда мерейі үстем және асығы алшыларға қарағанда сүйкімділеу.

Әдептіні құрбы-құрдастары да мақтаныш етеді. Өйткені, оның үлкен-кіші арасында жақсы құрметі бар. Сақылық жасамай, елін риза етіп, бір нәрсені сыйға тартпай, өзге кісіні қасіреттен арылтады.

Әдеп жас жеткіншектердің ұлы адамдардың батасын алуына жол ашады. Және бұл батадан өмір бойы сүйсіну сезіміне бөленіп жүреді. Әдеп кішілердің мейірін үлкендердің көңіліне салады. Және ол махаббат бар жүректе мәңгілік сақталады...

Аударған М. Омарұлы

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Сыпайылық неге бөлейді?
2. Қандай жан басқалардан сүйкімді болады?

Абай

ҚАРА СӨЗДЕР

АЛТЫНШЫ СӨЗ

Қазақтың бір мақалы: «Өнер алды—бірлік, ырыс алды—тірлік» дейді. Бірлік қандай елде болады, қайтсе тату болады—білмейді. Қазақ ойлайды: бірлік аты—ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса екен дейді. Олай

болғанда байлықтан не пайда, кедейліктен не залал? Ағайын құрымай мал іздеп не керек? Жоқ, бірлік–ақылға бірлік, малға бірлік емес. Малыңды беріп отырсаң, атасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жалданып бірлік қылады. Бірлік малға сатылса, антұрғандықтың несібесін құдайдан тілейді, әйтпесе құдайдан тілемейді, шаруа іздемейді. Әуелі біріне-бірі пәле іздейді. Не түсін, не ажарын, не өкпесін бұлдап, ол болмаса, бір пәле салып, қорғалатын, әйтеуір бірін-бірі алдаудың амалын іздеседі. Мұның қай жерінен бірлік шықты?

«Ырыс алды–тірлік» дейді, ол қай тірлік? Ол осы жан кеудеден шықпағандық па? Жоқ, ондай тірлік итте де бар. Ондай тірлікті қымбат көріп, бұлдаған адам өлімді жау көріп, ахиретке дұшпан болады. Жанын қорғалатып, жаудан қашып, қорқақ атанып, еңбек қылудан, қызмет қылудан қашып, еріншек атанып, ез атанып, дүниеде әлгі айтылған ырысқа дұшпан болады. Ол айтқан тірлік олар емес. Көкірегі, көңілі тірі болса, соны айтады. Өзің тірі болсаң да, көкірегің өлі болса, ақыл табуға сөз ұға алмайсың. Адал еңбекпен ерінбей жүріп мал табуға жігер қыла алмайсың.

Кеселді жалқау, қылжақбас,
Әзір тамақ, әзір ас,
Сыртың–пысық, ішің–нас,
Артын ойлап ұялмас,—

болып жүріп, тірімін деме, одан да Алла жіберген ақ бұйрықты өлімнің өзі артық.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. «Бірлік–ақылға бірлік, малға бірлік емес» дегенді қалай түсінесіңдер?

2. «Біреу малыңа дос, біреу жаныңа дос» деген мәтелді естігендерің бар ма? Бар болса, ол не дегені?

3. Бірін-бірі алдағандар бірлікке жете ме?

4. «Көкірегі, көңілі тірі болса» деген сөздің астарында қандай ой жатыр?

5. Жоғарыда оқыған *Науаи бабамыз* бен *Абай бабамыздың* туындыларында ұқсастықтар бар ма?

МҰХАММЕД ПАЙҒАМБАР БІЛІМ, ҒЫЛЫМ ТУРАЛЫ

- Қайырдың жақсысы – әрбір мұсылман баласының оқып білім алуы, содан соң өз білімін бауырларына беруі.

- Білімді игеру – әрбір мұсылманның міндеті.

- Адамның мәртебесі білім дәрежесіне қарай бағаланады.

- Мұсылманның еркегі де, әйелі де білім алуы тиіс.

- Адам өледі, ал ғалым адам – мәңгі тірі.

- Жел бесіктен жер бесікке дейін білім ізде.

- Оқымысты ғалымдар – Алла Тағаланың алдындағы сенімді адамдар.

- Білім үйрену ибадаттан да артық және ол діннің де тірегі.

- Кімде-кім ғылымды және ғұламаны сүйсе, ол менің Жәннаттағы көршім болады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Қайырдың жақсысы не екен?
2. Әрбір бала мұсылманның міндеті не?
3. *Жел бесік, жер бесік* деген сөздің мағынасын қалай түсінесіңдер?
4. Мұхаммед пайғамбарымыздың даналық сөздерін жаттап алыңдар.

Бөлімді қайталау үшін сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Дәрігерлердің ең ұлы атасы кім?
2. Оның қысқа да нұсқа сөздерінен қандай үлгі-өнеге, ғибрат алдыңдар?
3. Камалиддин Бекзат есімін неге, қай қызметтері үшін ескереміз?
4. Орталық Азияда Камалиддин Бекзаттан басқа атақты суретшілер болған ба?
5. Ташкенттегі қай институт Камалиддин Бекзат атында?
6. «Құлағына алтын сырға» дегенді қалай түсінесіңдер?
7. «Адам өледі, ал ғалым адам – мәңгі тірі» деген сөз нені аңғартады?



ӘЙ-ӘЙ БӨПЕМ

Ауылым көшіп барады Алмалыға,
Кім көнбейді тағдырдың салғанына.
Көрмегелі көп айдың жүзі болды,
Ата-анамның хабарын алмағалы.

Әй-әй, бөпем,
Кейін қалған елімді
Көрер ме екем?!

Туған жердің сағынам топырағын,
Көз алдыма келеді сол тұрағым.
Ата-анамды аяулы аңсағанда,
Ақ бөпемді аялап отырамын.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Өлеңді мәнерлеп оқыңдар.
2. Өлең кімнің атынан айтылып отыр?
3. Кейіпкердің *ата-анаға, туған жерге* деген перзенттік сағынышын өлеңнің қай жолдарынан көруге болады?
4. Бірінші шумақ пен үшінші шумақтағы ұйқасқан сөздерді айтыңдар?
5. Өлеңді жаттап алыңдар.

БЕСІККЕ БӨЛЕУ

Мойнымдағы тұмарым,
Тарқамайтын құмарым.
Тағдыр берген алсын деп,
Ақ бесікке салсын деп.

Мойнымдағы маржаным,
Қорадағы мал-жаным,
Бесігіңе жата ғой,
Тәтті ұйқыға бата ғой!
Балам жатсын бесікте,
Пәлесі қалсын есікте.

АЙНАЛАЙЫН БАЛАДАН

(диалог түрінде жырланады)

- Айналайын баладан,
Тауып алдық даладан.
- Далада бала жата ма?
- Түсіп қапты шанадан.
- ...Біздің бала қайда екен?

- Қыздарменен тойда екен.
- Тойда неғып жүр екен?
- Алма теріп жүр екен.
- Алмасынан қанеки?
- Жаңа теріп жүр екен.
- Жаңасынан қанеки?
- Қабы толмай жүр екен.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. «Тұмар» деген не?
2. Перзентін сүйгеннен ана оны «қорадағы мал-жаным» деп отыр ма, әлде басқа себебі бар ма?
3. Бесіктің дәрігерлік тұрғыдан алғанда, денсаулыққа өте пайдалы екенін ұғындар.
4. Диалог дегеніміз не?
5. Өлеңді кезектесіп оқындар.

Ұйқассыз өлең болмайды. Ұйқас – өлең сөздің кесімі. Ақындар өлеңді ұйқаспен жазады.

Әр тармақтың соңғы бунақтарының аз ғана айырмашылықпен естілуін, жазылуын ө л е ң н і ң ұ й қ а с ы дейміз.

- Айналайын / баладан,
Тауып алдық / даладан.
- Далада бала / жата ма?
- Түсіп қапты / шанадан.

Бұл өлең 4 тармақтан құралған. 3-тармағы ғана ұйқаспаған. Ұйқасып тұрған сөздер **бала-**

дан, даладан, шанадан. Соңғы бунақтар 3 буыннан құралып тұр. **1-жол 2-жолмен, 2-жол 4-жолмен ұйқасатын өлең түрін қара өлең ұйқасы дейміз.** 3-жол ұйқаспайды.

Өлеңдерді оқып, көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жазыңдар.

Сендерсің мәртебемді ...
Жеткізіп егделікке ...
Кел, көктем!
Кел, кел, көктем, айналайын,
Ағаң боп қалайыншы ...

Тиісті сөздер: сүйіп беттен, сүйікті еткен, биіктеткен.

КІМ КҮШТІ?

Ерте, ерте, ерте екен,
Ешкі жүні бөрте екен.
Қырғауылы қызыл екен,
Құйрық жүні ұзын екен.
Қырғауылы қарқылдап,
Жалтыр мұзға сартылдап,
Алшая келіп қоныпты.
Шаты айрылып қалыпты.
Қисая жатып қырғауыл

Сонда мұздан сұрапты:

- Мұз, мұз, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам,
Бауырымды жаңбырға тестіремес едім.
- Жаңбыр, жаңбыр, сен неден күшті болдың?
- Мен күшті болсам,
Жерге жұтқызар ма едім?

- Жер, жер, сен неден күшті болдың?
– Мен күшті болсам,
Көк шөпке бауырымды жардырмас едім.
– Көк шөп, көк шөп, сен неден күшті болдың?
– Мен күшті болсам,
Көк тоқты мойнымнан жұлқымас еді.
– Көк тоқты, көк тоқты, сен неден күшті болдың?
– Мен күшті болсам,
Көк шұнаққа құйрығымды жұлқытпас едім.
– Қасқыр, қасқыр, сен неден күшті болдың?
– Мен күшті болсам,
Көк мылтыққа қоңымды ойдырмас едім.
– Көк мылтық, көк мылтық, сен неден күшті болдың?
– Мен күшті болсам,
Қоңыр шолақ тышқанға білтемді қидырмас едім.
– Тышқан, тышқан, сен неден күшті болдың?
– Мен күшті болсам,
Құмырсқаға ен салдырмас едім.
– Құмырсқа, құмырсқа, сен неден күшті болдың?
– Алты батпан ауырды
Арқалаған күштімін.
Жеті батпан ауырды
Желкелеген күштімін.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Қазақ ертегілері кейде осы өлеңнің бірінші шумағы арқылы басталатынын ескеріңдер.

2. Мұз, жаңбыр, көк шөп, көк тоқты, қасқыр, көк мылтық, тышқан күшті ме, жоқ па? Айтқан уәждері орынды ма?

3. Құмырсқа не үшін күшті болып тұр?

МАҚАЛДАР

ТУҒАН ЖЕР–ОТАН ТУРАЛЫ

- Ер–елінде, гүл–жерінде.
- Ел іші–алтын бесік.
- Өз елім–өлең төсегім.
- Отан оттан да ыстық.

ӨНЕР-БІЛІМ ТУРАЛЫ

- Өнерлі өрге жүзеді.
- Өнерді үйрен де, жирен.
- Жігіт адамға жетпіс өнер де аз.
- Ақыл көпке жеткізер,
- Өнер көкке жеткізер.

Сұрақтар мен тапсырма:

1. Отан туралы мақалдың мағынасына назар аударыңдар.

2. Өнер-білім туралы мақалдардың мәнін аңғарыңдар.

ЫНТЫМАҚ-БЕРЕКЕ ТУРАЛЫ

- Ырыс алды–ынтымақ.
- Ынтымақ түбі–бірлік.
- Бір жеңнен қол шығар,
Бір жағадан бас шығар.

ЖАҚСЫЛЫҚ ТУРАЛЫ

Жақсымен сөйлессең, ашыларсың,
Жаманмен сөйлессең, басыларсың.

Жақсымен жүрсең, жетерсің мұратқа,
Жаманмен жүрсең, қаларсың ұятқа.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. «Бір жағадан бас шығар», деген сөзді қалай түсінесіңдер?
2. Жақсылық пен жамандық туралы мақалдарда қандай ойлар қорытылған?

Аз сөзге көп мағына сыйдырған ақыл сөзді мақал дейміз.

ЖҰМБАҚТАР МЕН ЖАҢЫЛТПАШТАР

ЖҰМБАҚТАР

Дегендей ешкім тимесін,
Алыпты қадап инесін.

Тарпаң-тарпаң тарбиған,
Түрі жаман жарбиған.

Жас кезінде қара орман,
Жыл озған сайын ағарған.

Бірі үлкен, бірі кіші,
Туысқан бірге бес кісі.
Балдан тәтті.

Ти десем тимейді,
Тиме десем, тиеді.

**Жасырылған нәрсені сыртқы белгілері,
көріністері арқылы табуды жұмбақ дей-
міз.**

Жұмбақтың мағынасы – шешуі.

ЖАҢЫЛТПАШТАР

* * *

Қабат-қабат үй салдық,
Үйлер толы күйсандық.
Күйсандықтан үй салдық,
Күйсандықта күй салдық.

* * *

Шудағы Шашубай
Шашатын шашудай
Шашуды шашсаң шаш.
Шашалмай,
Шашылмай
Шапшаң шаш.

* * *

Шалғышыға
Шалғышының алғысы көп.

Шалғысының
Шалғышыдан қалғысы жоқ.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Үйінде кімдер жұмбақ жасырады?
2. **Жаңылтпаш неге жаттықтырады?**
3. Оқыған жаңылтпаштарың бірыңғай қай дыбыстан басталған?

СЫНЫПТАН ТЫС ОҚУ

БІР ҚАЗАН СҮТ

Тәрбиеші:

– Бір қазан сүтті пісіріп, суытуға үйдің іргесіне қойып едік, енді бір қарасақ, қаспағы да қалмапты.

1-бала:

– Төгіліп қалып па?

2-бала:

– Біреу ішіп кетіп пе?

Тәрбиеші:

– Төгіліп те қалмаған, ешкім де ішпеген.

1-бала:

– Төгілмесе, ешкім ішпесе, бір қазан сүт қайда кеткен?

Тәрбиеші:

– Көбелек келіп «күмп» етіп,

Көбігін ішіп ол кетті.

Жапалақ келіп «жалп» етіп,

Жарымын ішіп ол кетті.

Қарға келіп «қаңқ» етіп,
Қалғанын ішіп ол кетті.
Сауысқан келіп «саңқ» етіп,
Сарқып ішіп ол кетті.
Қырғауыл келіп қиқу сап,
Қазан түбі қаспағын,
Қырнап ішіп ол кетті.

Сұрақтар мен тапсырмалар:


1. Бір қазан сүттің несі қалмапты?
2. Көбелек қайтті?
3. Өлеңдегі бейнелеуіш сөздерді атаңдар (күмп, жалп, қаңқ, тағы басқа).
4. «Қырнап» деген сөзді қалай түсінесіңдер?

Бөлімді қайталау үшін сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Халық ауыз әбиеті дегенде нені түсінесіңдер?
2. Үйлеріңде нәресте туылғанда, апаларың кімдерді шақырады? Сол бас қосудың атын не дейді?
3. **Шашу** дегенді білесіңдер ме?
4. Қандай тілектер айтылады?
5. Ата-аналарыңның төрт түліктің пірлері туралы айтқан әңгімелерін естігенсіңдер ме?
6. Қандай мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаштар жинап жүрсіңдер?

Зулфия

КӨКТЕМ



Аспаным ашық,
Мөп-мөлдір,
Бұлттар да әсем,
Көк теңбіл,
Асыға күткен аймаққа
Айналып келген көктем бұл.

Қызғалдақ жаңа, жел жаңа,
Жаңғырып кетті кең дала
Әр алуан гүлдер аспаннан
Төгіліп кеткен белге ана.

Азайып шыңның ақ қары,
Оянды аймақ мақталы.
Оятты барлық бағбанды
Бұлбұлдың таңғы тәтті әні.

Жолаушы біткен
Тамсанар,
Өспекші қанша бақшалар.
Еңбекке шыққан диқанның
Сүйеді бетін ақ самал.

Далаға ғажап өң берген,
Қайраты қатар ерлермен,
Тетігін темір тұлпардың
Қара көз қыздар меңгерген.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Көктем айларын атаңдар.
2. Көктем кезіндегі қауырт еңбек маусымы суреттелген өлең жолдарын табыңдар.
3. «Тетігін темір тұлпардың
Қара көз қыздар меңгерген»,
– дегенде ақын нені, кімді айтып отыр?
4. Өлеңді жаттап алыңдар.

Жұлдыз Әбділда

НАУРЫЗ – ТАБИҒАТТЫҢ МЕЙРАМЫ

Наурыз мейрамын Орталық Азия елдері түгелдей дерлік тойлайды. Кеңес үкіметінің кезінде алпыс жылдай осы төл мерекемізден көз жазып қалдық. 1927 жылы Наурызды тойлауға тыйым салынды. Бірақ, соған қарамастан, халық Наурыз мерекесін тойлады. Өйткені, бұл – табиғаттың мейрамы. Халқымыздың тыныс-тіршілігі табиғатпен тамырлас екенін этнограф Жағда Бабақұлұлы да айтты. «Қазақтар табиғат құбылысына, қоршаған ортаға қарсылас ретінде қарамаған. Неғұрлым табиғат сырын терең тануға, табиғатпен бірге өмір сүруге бейімделген», – дейді көпті көріп, көп білетін ақсақал. Бұл мейрамның халқымыз үшін орны да, жөні де бөлек екенін Зейнеп Ахметова апаларың да өзінің «Бабалар аманаты» атты кітабында керемет суреттеген. Хас батырымыз Бауыржан Момышұлы бабаларыңның

келіні өз естелігінде былай деп жазады: «Қыстан арнап сақтап қойған сүрлерімді пісіріп жатырмын. Бидайды алдын ала бықтырмай тұрып сорпаға бірден пісіруге болмайтыны—бала жастан көзге қанық әдіс. Жеңгем «дүкеннің нәрсіз айранын қоспа» деп құртты да әкеліп берген. Күндіз құртты қайнатылған, бірақ шамалы суытылған суға салып қойғанмын. Сол құртты езіп отырып ойға қалдым. «Ата неге үнсіз? Наурыз туралы ләм дегені қалай? Білмеуі мүмкін емес қой?! Әлде әдейі...». Ойым осы жерде үзілді. Ата асүйге кіріп келіп, «Қызыр түні қабыл болсын!»—деді жайбарақат үнмен. «Айтқаныңыз келсін!»—деп іле жауап қаттым. «Мәликедей ананың үлгісі мен тәрбиесі саған Наурызды ұмыттырмайтынын білгенмін...»—деді.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Наурыз сөзі қай тілден алынған?
2. Көктем дегеніміз не?
3. Наурызды қай елдер тойлайды?
4. Сендердің көшелеріңде Наурыз мейрамы қалай өтеді?
5. Наурыз туралы өлең жинаңдар.

Сәкен Сейфуллин

НАУРЫЗ

Үйден шығып балалар
«Жаз болды, міне!»—десіп тұр.
Сағындырған жаз желі
Оңтүстіктен есіп тұр.

Жылы ескектің лебімен
Дүние балқып иіп тұр.
Сағындырған жаз әсері
Құшақтап беттен сүйіп тұр.

Жүгіріп су асығып,
Қар еріп жатыр сылқылдап.
Жазбен келген құстар жүр
Шаттана жырлап сұңқылдап.

Сумаңдап су сай-сайдан
Ағып жатыр сылдырлап.
Жас баладай алғашқы
Сөйлеген күліп, былдырлап.

Адам да, мал да өзінше
Жүр жадырап далада.
Жаңа жылды қарсы ап тұр
Көрі де, жас та, бала да.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Жаз желі қайдан есіп тұр?
2. Дүние неден балқиды?
3. Өлеңдегі *сылқылдап*, *сұңқылдап* және *сылдырлап*, *былдырлап* деген сөздердің әншейін ұйқас үшін алынбағанын ескеріңдер.

БӘЙШЕШЕКТЕР

Аралдың көзіндей,
Әлде дәл өзіндей.
Толқыған, шалқыған
Айдаркөл теңіздей.

Шағала шаңқылдап,
Үйрегі барқылдап.
Аққуы сұңқылдап,
Қаздары қаңқылдап.

Айдаркөл – ырысым,
Тіршілік – тынысым.
Қамқор боп аялар
Анамдай ұлысың!..

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Айдаркөл қай облыста орналасқан?
2. Айдаркөлді бүгінде қай құстар мекен етеді? Олар қалай дыбыстайды?
3. Ақын неге Айдаркөлді ырысым, тыныс-тіршілігім деп отыр:

Құрманбай Толыбаев

КҮЛІМДЕ, КҮН, КҮЛІМДЕ!

Демнің арасында жер үсті жарқырап сала берді. Тіршілік ұйқыдан оянды. Таулардың төбесін алтын шапақ аймалады. Жалпақ даланың төсіне таң шапағы шашырады. Айналада ызың-шу көбейді, андыздаған мал тұс-тұстан өрді. Күжірейген ағаштар ұйқысын ашқысы келгендей жапырақтарын судырлата сілкінді.

Қып-қызыл қою шұғыласын ағыл-тегіл ақтарып, шырадай жайнаған күн шығып келеді. Жер бетіндегі қыбыр-қимылдың, күбірлеген, дүрілдеген үндердің сарынынан қуаныш лебінің шаттық толқынының сазы еседі. Күллі әлем:

–Күлімде, күн, күлімде!..– деген ізгі тілектерін шалқардай ақтарады. Осы ұлы ниет пен асқар сезімді әнге қосып жырлаған құстардың әуені қандай әсерлі десеңізші! Жүрегіңді әлдилей тербетіп, арманыңды әуелетеді.

Күннің қызғылт шұғыласына шыбын-шіркей секілді ұсақ жәндіктер де жоталарын тосады.

Сәулеге қанып алғысы келгендей құжынай ұшып жүр. Шегірткелер әлденеге мәз, шаттан шырылдайды, өздерінің үйреншікті әндеріне басты. Тас бұлақтың сылқылдай аққан ерке сыбдырына сол шырыл қосылып, жер бетінің дыбысы кеудені жарып шыққан таза күлкінің үніне ұқсайды. Құлақ тоссаң, осының бәрі жарық дүниенің үні екенін сезесің. Осы бір ұлан-асыр ызың-шу адам жүрегіне балдай тәтті сезім шырынын құйып жатқан жоқ па!

Алыстан қарауытқан таудың арғы түкпірінен төбеге өрлеп, нарттай жайнап күн шықты. Жер бетін алтындай қызғылт нұрға малындырып, мейлінше аймалап тұр. Соған сүйсінгендей табиғат түгел балбырап, құшырлана еміренеді:

–Күлімде, күн, күлімде!..–деген ұлы тілектің дарқан сарыны естіледі. Шөп басында, шық төсінде, тау-тас құшағында ізгі үміт ұшқыны жарқырайды.

Жаңа күннің тіршілік әрекеті, қимыл-қозғалысы осылайша басталды. Бұл – өмірдің басы емес пе?!

Тапсырма

Әңгімені төмендегі жоспар бойынша мазмұндаңдар:

1. Түн.
2. Таң атты.
3. Құстар әуені.
4. Ұлы тілек.

АҒАШ ЕК

Дүниеде теңдесі жоқ байлық – ол жасыл желек ағаш. Ағаштың қасиетіне көптің көзін жеткізу үшін саусақ бүгіп санамалап көрелік.

Ол, біріншіден, табиғатта ылғал сақтайды. Екіншіден, топырақтың құнарлы қабатын жасайды, құмды көшуден қорғайды. Үшіншіден, егістікті желден, суықтан сақтайды. Төртіншіден, адамды, жан-жануарларды күннің аптабынан, жел-шаңнан қорғайды. Бесіншіден, жердің ыза суының деңгейін төмендетеді. Алтыншыдан, топырақтың тұздануын азайтады. Жетіншіден, шаң-тозаңды, көмір қышқылын жұтып, оттегі бөлу арқылы ауаны тазартады. Сегізіншіден, ағаш құрылыс, жиһаз материалы, тоғызыншы, құстар мен аңдардың мекені. Оныншы, отын; он бірінші, ел мен жердің көркі.

Тал-шыбықтың осы қасиеттеріне орай бір ғұлама ғалым: «Тегінде бір нәрсеге бас ию керек болса, онда ағаштарға бас иіп, тәжім ету керек. Өз өміріне қажеттің бәрін адам осы ағаштан алады» деген екен.

Ата-бабамыз аңызға далаға көрік беріп, жолаушыға көлеңке болған жапан түздегі жалғыз ағаштың өзін киелі деп танып, оған балта шабуға тыйым салып, қастерлеген. «Көзіңді қалдыр–бұлақ көзін аша жүр, ізіңді қалдыр–жақсылық мұра шаша жүр, өзіңді қалдыр–бау өсіріп, жаса нұр» деген бабалар өсиеті неткен көрегенділік, кемеңгерлік десеңізші!

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Ағаштың пайдасы неде?
2. Шаң-тозаңнан қорғайтын не?
3. Ғалым ағаның ағаш туралы пікірін мәтіннен тауып оқыңдар?
4. Ағаш жайлы әңгіме жазыңдар.

СЫНЫПТАН ТЫС ОҚУ

Ақбота Жетеғамқызы



1. Түйенің синонимі?
2. Жемістің түрі?
3. Түйенің өркешіне ұқсайтын табиғат заты?
4. Балды жақсы көретін жәндік?
5. Үй құсы?
6. Шыр айналатын ойыншық?
7. Түстің атауы.
8. Шағала, торғай, қарлығаш ...
9. Таңертең ұйқыдан оятатын құс?
10. Үстінде ауыр тасы бар жануар?
11. Математикалық құрал?
12. Шалшықта өмір сүретін жәндік.
13. Қорқыт жасаған аспап?
14. Ешкінің төлі?
15. Сырт-сырт соғады, уақытың озады?
16. Жыл құсы?
17. Қыздың аты?

Ақан Рахманұлы

ӘН ЖҰЛДЫЗЫ

Ән дегенде елең етпейтін, ішіп отырған тамағын да қоя салып, тұла бойды шымырлата отырып, алпыс екі тамырды түгел иітетін тәтті сиқырға тамсана берілмейтін жан жоқ шығар-ау, сірә. Әсіресе халық әндерін, ауыздан түспейтін термелерді нәшіне келтіріп орындайтын Жамал Омарова, Құтбай Дүрбаев, Анарқұл Құлманов, Орал Қалдыбаев, Наурызбай, Қалдаш жыраулар сынды жез таңдай әншілер мен жыршылардың құлақтан кіріп, бойды алатын елден ерек әуезін естіген

адамның жаны жай тауып, арман қанатына мінгендей әрі-сәрі күй кешетіндігі ақиқат.

Жамал апай 1912 жылдың 8 наурызы күні Ташкент облысының Жаңажол ауданында дүниеге келген. Жастайынан-ақ өнерді сүйіп, талантымен талайды таңырқатқан Жамал апай 1925–1927 жылдары Ташкенттегі, қазақ, қырғыз, өзбек жастары білім алатын педагогикалық училищеде үздік оқыды. 1934 жылдан бастап қазақтың Абай атындағы опера театрында әртүрлі рөлдерде ойнап, актёрлік талантын да жетілдірді.

Қарапайым ауылдан шыққан қазақтың қара қызының өз халқына, өзінің Отанына деген сүйіспеншілігі шексіз еді. Туған жерге деген осынау махаббат, осынау ыстық сезім оны 1941–1945 жылғы Ұлы Отан соғысының өмір мен өлім белдескен қанды майдандарына да жетелеп апарды. Сол кезде Қазақтың күміс көмей бұлбұлы атанып үлгерген Жамал Омарова туысқан өзбек халқының Тамара ханым, Халима Насырова рәуіштес өзі құралпы өнер қайраткерлерімен бірге Орталық Азия республикаларында жасақталып, фашист жендеттеріне ойсырата соққы беріп жүрген қазақ, өзбек, қырғыз әскери бөлімдерінің жауынгерлеріне концерт қойып, олардың елге, жерге, туған халқына сүйіспеншіліктерін нығайтуға, жауыз дұшпанға өшпенділіктерін арттыруға сүбелі үлесін қосты. Сол үшін болар, Жамал апайға 1943 жылдың өзінде-ақ Қазақстанның «Халық артисті» деген құрметті атақ берілді.

Біз әңгімелеп отырған Жамал Омарова да – ән әлемінде өзіндік орны, өзіндік қолтаңбасы бар жұлдыздардың бірі. Жұлдыз болғанда да жарқын әрі жарық жұлдыз.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Мәтінде аттары аталған әнші-жыршылардың қайсысын білесіңдер?
2. Жамал апай қай жерде туылып-өскен?
3. Ол Қазақстанның «Халық артисті» атағын қашан алды?
4. Жамал апайдың өзбекстандық құрбыларының есімдерін ата.
5. Дәптерлеріңе өздерің білетін әншілер мен жыршылардың аты-жөндерін жазып қойыңдар.

Бөлімді қайталау үшін сұрақтар мен тапсырмалар:

1. «Көктем» деген өлеңді қай ақын апай жазған?
2. Өлең шумақтары өздеріңе әсер етті ме?
3. Табиғаттың мейрамы қай маусым?
4. **Көктем** деген сөздің өзі қандай мағынаны аңғартады?
5. «Наурыз» өлеңінде қандай бейнелі сөздер бір-біріне ұйқастырылған?
6. Суреттегі қыз қай ұлттың киімін киген?
7. Бәйшешектің неше түрі бар?
8. Ағаштарды орынсыз кесуге, шабуға болмайды.



ЭЗОП (Б.з.б. 620–560)

Грек халқының перзенті. Бізге оның 650-ге тарта мысалдары жеткен. Көптеген мысалшы ақындар осы Эзоптан үлгі алған.

КӨК КЕПТЕР МЕН ҚҰМЫРСҚА

Шөлдеген бір Құмырсақа суға келді,
Ішуге басын иіп төмен төнді.
Тоқыны жағаға кеп соққан өзен,
Ағызып Құмырсақаны жөнелді енді.

Ап кетті Құмырсқаны толқын айдап,
Бейшара бара жатты соры қайнап.
Шөп тістеп ұшқан Кептер мұны көріп,
Алдына шөбін тастап кетті жайлап.

Құмырсқа қалжыраған естен танып,
Бұтаға тістей қатып, мініп алып.
Ажалсыз аман шығып ағын судан,
Жайрандап шын қуанды, жаны қалып.

Ұстауға Кептерді аңшы құрды тұзақ,
Тұзаққа түсті Кептер тұрмай ұзақ.
Тиегін ұзағының тартқан кезде,
Құмырсқа аңшы аяғын шақты мықтап.

– Ойбай! – деді, айырылды қол тиектен,
Кептерді бір-ақ көрді ұшып кеткен.
«Сыйға – сый, сыраға – бал» деген осы!
Жақсылық – жақсылыққа, міне еткен!

Аударған Ө. Тұрманжанов

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Құмырсқа қайда келді?
2. Кептер неге асықты?
3. Кім Кептерге жамандық істемек болды?
4. Жақсылыққа жақсылық қайтады. Оны халқымыз бір ауыз сөзбен не деп айтады?

РУДОЛЬФ ЭРИХ РАСПЕ (1737–1794)

Неміс жазушысы. Оның есімі «Мюнхаузеннің хикаялары» туындысымен дүниежүзі оқырмандарына таныс.

АЙҒА АЛҒАШҚЫ САПАР

...Түркияда тамыры топыраққа тисе болды, сонау зеңгір көкке дейін өрмелеп, тез өсетін бақша өсімдігі бар еді. Бұл – түрік бұршағы. Сол бұршақты тауып алып, дереу топыраққа тамырын тигізіп едім, көз алдымда қаулап алды да кетті.

Әлгі өсімдік өршелене зымырап өсті де, бір күні тура Айға жетті.

– Ура! – деп айқай салдым да, әлгімен өрмелеп көкке шыға бастадым.

Айға барған соң, балтамды оңайлықпен таба алмадым. Ай да күміс түстес, балта болса да күміс. Күміс үстінде жатқан күміс көріне қоймайды екен. Тентіреп жүріп, әйтеуір, балтамды шіріген сабанның үстінен тауып алдым. Балтаны дереу белбеуіме қыстыра салып, жерге түспекші болдым. Бұршақтың сабағын күн күйдіріп жіберсе керек, қолым тигенде-ақ қаудырап шашылып түсті.

Есім шыққан сонша, еңіреп жылап жібере жаздадым.

Не істеу керек? Не айла бар? Жерге жетпей, Айда қалып қойғаным ба?! Қалайша

мен өмір-бақи адыра қалған Айда қалып қоймақпын? Жоқ, ол болмас! Жерге жету керек! Өлгі шіріген сабаннан арқан еспек болдым. Бұ не деген қырсық десейші, ескен арқаным онша ұзын болмады. Қысқа да болса, сол арқанмен ептеп жерге түсе бастадым. Бір қолымда балта, бір қолыммен сырғып түсіп келемін.

Бір кезде арқан таусылды да, мен жермен көктің арасында салбырап тұрдым да қалдым. Жүрегім тас төбемен шықты. Бірақ көкең былқ еткен жоқ. Арқанның төменгі ұшынан мықтап ұстап тұрып, балтамен арқанның бас жағынан кесіп алдым. Сосын арқанның бас жағын өзім мықтап ұстап тұрған аяқ жағына байлады. Осылай жерге түсуге амал таптым.

Алайда жерге дейін ит өлген жер еді. Ертеңнен қара кешке дейін арқанның басын кесіп алып, аяғына жалғаумен күн өтті. Өлдімталдым дегенде, қаланың үйлері көрінетін тұсқа жеттім-ау! Жерге дейін шамасы төрт-бес шақырымдай-ақ қалған болуы керек.

Бір кезде, өлді деген осы да, арқаным бырт етіп үзілді де кетті. Соншама екпін, соншама салмақпен гүрс ете түскенімде, жерге жарты шықырым кіріп кетіппін.

Есімді жисам, терең шұңқырда жатырмын. Ал енді бұл зынданнан қалай шығу керек? Күн ұзақ дәм татпай, қалай шығудың жолын ойлады. Оны да таптым! Тырнағыммен шұқылап

отырып текше жасадым да, сол текшемен жүгіріп отырып, жер бетіне шықтым.

Бұл Мюнхаузен көкең өлмейді!

Аударған О. Әубәкіров

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Оқиға қайда болған?
2. Қаулап шығып келген қай өсімдік?
3. Неге жылай жаздадым? Себебі не?
4. Жер бетіне Мюнхаузен қалай шықты?

И.А. Крылов

ҚАРҒА МЕН ТҮЛКІ

Жұрт біледі, күледі
Сұрқия тілдің жаманын,
Қошеметшілердің амалын.
Сонда да солар қайда жоқ?
Ептеп айтса ересің,
Артынан өкінсең де пайда жоқ.

Ірімшікті құдайым
Кез қылды бір күн қарғаға,
Алып ұшып барды да,
Қонды бір биік ағашқа.
Үлкен олжа емес пе
Ірімшік деген қарны ашқа?

Бір жеп алып шүкірлік
Қылайын деп аллаға,
Тұмсығында ірімшік
Ойлап, қарап тұр еді.

Бір қу түлкі сорына
Жақын жерде жүр еді.

Ішінде сақтап қулығын
Жақындап барып барлайды.
Бұлғақтатып құйрығын
Қарғаның көзін алдайды.
Тәтті тілмен, тәтті үнмен
Сөйлесуге айналды:
«Қарағым, неткен сұлу ең»-
Деп таңырқап таңданды.

«Неткен мойын, неткен көз,
Осыдан артық дейсің бе,
Ертегі қылып айтқан сөз?
Қалайша біткен, япырым-ай,
Мұрныңыз бен жүніңіз?!
Періштенің үніндей,
Деп ойлаймын үніңіз.
Осы көрікпен, бұл жүнмен,
Әншілігің белгілі.
Ұялмай, қалқам, бір сайра,
Біз де алалық үлгіні,
Құс төресі біздерге
Сіз боларсыз бір күні?!»

Басы айналды қарғаның
Сұмның айтқан сөзіне.
Қуанғаннан бөртініп,
Бір мастық көрді өзіне.
Өзіне біткен өңешпен
Аямастан қарқ етті,

Ірімшік жерге жалп етті,
Іс бітті, қу кетті.

Аударған Абай Құнанбаев

Өлеңді жаттап алыңдар.

СЫНЫПТАН ТЫС ОҚУ

ҚЫЗЫЛ ШӘЙНЕК

(Мысал ертегі)

Бір әжейдің бүйірі қампиған, шүмегі имиген, түбі жалпақ шәйнегі болыпты. Ол ыдыстардың ішіндегі ең мақтаншағы екен. Әжей оған күніне неше мәрте шайын қайнатып ішетін. Кейбір күндері үй иесі басқа ыдыстарға қолын да тигізбейтін. Ал, қызыл шәйнектің қолданылмайтын күні жоқ. Шәйнек өзінің үй иесіне өте қажет екенін білетін еді. Басқа ыдыстар оған қызығып: «Шіркін, біз де үй иесінің шәйнек сияқты сүйікті ыдыстары болсақ қой», – деп армандайтын. Бірақ, олар жуылған бойы шкафта тізіліп тұра беретін.

Бұл сөзге қызыл шәйнек мұрнын шүйіріп, ыстық буын бұрқырата жөнеледі. Шәйнектің мінезі шатақ еді. Кейде иесін қатты састыратын. Суы қайнаған кезде, өзін тезірек оттан ала қоймаса, долдана ашуланады.

Әжекей келіп, шәйнекті оттан ала қоятын еді. Бірде қызыл шәйнек шүмегінен ыстық суын бүркіп қалып, әжейдің қолын күйдіріп қойған. Бұған ыдыстар қатты таңырқасты. Олар өзара:

– Ой, қызыл шәйнек қандай өжет еді!..

– Ту-у, барлық шәйнектің ішіндегі мықтысы екен ғой, – деді кеселер.

Бұндай сөздерді естіген шәйнек одан бетер тұмсығын көкке көтерді. Тіпті өз иесін менсінбей қалды. Әжей оны қолына ала бастаса, ызылдап кеп қақпағынан буын бұрқылдататын. Иесі ұзақ уақыт өзіне қызмет еткен шәйнегінің сырын түсінбеді. Қызыл шәйнектің мақтау сөзге семіргенін қайдан білсін?

Әжей: «Шәйнегім ескірген екен...» – деп ойлады. Бірақ, көзі үйреніп қалған ыдысты тастауға қимады. Оның суын төгіп, шкаф астындағы ескі бұйымдардың арасына қоя салды. Келесі күні судай жаңа шәйнек сатып әкелді. Ал, мақтаншақ шәйнек қақпағы қисайып, шкаф астында қамалып, шаң басып жатты. Шәйнек бармағын қатта тістеді.

«Мың асқанға бір тосқан» деген осы болар.

Аударған Гүлбаршын Әзімбаева

ҚАЙСЫСЫ КЕМ?

Жаңа жайлауға қоныстанған бір бай екі кедей жігітке құдық қаздырады. Құдық қазылып біткен соң жігіттер байдан ақысын сұрайды. Бай олардың біреуіне саулық, екіншісіне қозы береді. Екінші жігіт оған наразы болады. Төлеге келіп шағым айтады. Төле байға құдық қазған екі адамның еңбегі бірдей екенін айтады. Бірақ құдық иесі дегенінен қайтпайды.

–Адамның екі көзінің, екі қолының қайсысы кем?–дейді байға.

–Ешқайсысының кемдігі жоқ. Екеуі де бірдей. Сөзіңізге жығылдым, биеке? Өкпелі жігітке қой берейін,–депті амалы құрыған бай.

(«Қазақтың би-шешендері» кітабынан)

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Бай екі жігітке не істетті?
2. Кедей жігіттер байдан нені сұрады?
3. Бай оларға не береді?
4. Төле би Өлібекұлы бабамыз не деді?
5. Ел аузында жүрген шешендік сөздерді жинай жүріңдер.

ХАЛЫҚ ДАНАЛЫҒЫ

Көре-көре көсем боларсың,
Сөйлей-сөйлей шешен боларсың.

ЕРТЕ, ЕРТЕ, ЕРТЕДЕ

Ертегілердегі ұшар кілемдер–бүгінгі ұшақтар мен тікұшақтар. Ата-бабаларымыздың арман-ойлары бүгінде шындыққа айналып, жүзеге асып отыр. Кеше, одан бұрын–мұның бәрі ертегі ғана болатын. Адам баласының аяғының айға жетуі–тағы да шындық.

Мазмұны бай, ерекшелігі мол қазақ ертегілері бірнеше түрге бөлінеді:

1. Қиял-ғажайып ертегілер.
2. Хайуанаттар жайындағы ертегілер.

3. Тұрмыс-салт ертегілері мен аңыздар.

Ертегілердің кейіпкерлері: мыстан кемпір, жезтырнақ, айдаһар, жалғыз көзді дәу, жын мен пері, арыстан, түлкі, бөдене, түйе, т.б.

Ертегілердің мазмұны бірдей болмайды. Ертегілер әңгіме, өлең түрінде айтыла да, жазыла да береді.

Ертегінің оқиғасын шеберлікпен, қиыннан қиыстырып айтатын адамды ертегіші дейміз.

ҮШ АҚЫЛ

Бір кісінің үш ұлы болыпты. Ол ұзақ та, мағыналы өмір сүріпті. Бірақ кәрілік келген соң, төсек тартып, ауырып жатыпты. Шал өзінің балаларын шақырып алып:

–Ұлдарым, жақында біздің жақсы күндеріміз, жаман күнге ауысады. Мен мына жарық дүниеден аттанамын. Соның алдында өз міндетімді өтеп, сендерге үш ақыл айтайын деп едім. Алдымен бір-бір шыбық алыңдар да, сындырып көріңдер, –дейді.

Ұлдары әкелерінің тілектерін орындайды. Олар бір-бір шыбық алып, сындырады. Әрине, бір шыбықты сындыру өте оңай еді.

Әкесі:

–Енді үш шыбықты қосып сындырып көріңдер, –дейді.

Балалардың әрқайсысы үш шыбықты қосып сындырмақшы болып еді, сындыра алмады.

Әкесі тағы да:

–Енді үшеуің қосылып сындырып көріңдер, – деді. Үшеуі қосылып үш шыбықты бірге тез-ақ сындырып тастады.

–Өте жақсы! Енді, менің не айтқым келгенін түсіндіңдер ме? Бұл өмірде ең үлкен байлық – сендердің ауызбіршіліктерің. Сондықтан да менің бірінші ақылым – тату-тәтті тұрыңдар. Екінші ақылым – тамақтарыңды үлкен тәбетпен жеңдер. Менің ақылыммен өмір сүріңдер. Егер менің ақылымнан түк шығара алмасаңдар, үшінші ақылды шешелеріңнен сұраңдар. Мен сендерге ол ақылды қазір айтпаймын. Ол ақылды шешелерің біледі, – дейді әкелері.

Бірнеше күннен кейін әкелері көз жұмады. Балалары әкелерінің өсиетін екі етпей орындайды. Олар тату-тәтті өмір сүреді. Өз беттерінше тамақ таба алмайды. Әкесі қалдырған бал мен нанды жеп тауысады. Күннен-күнге күнкөрістері қиындай береді. Сондықтан балалар әкесінің үшінші ақылын шешелерінен сұрамақ болады.

–Балаларым менің, әкелерің атбасындай алтынды баққа көміп кетті. Бірақ дәл қай жерге көмгенін айтқан жоқ. Сол себепті қолдарыңа күрек пен кетпен алып, бақты басынан аяғына дейін қазып шығыңдар, – дейді шешелері.

Балалары күрек пен кетпен алып ынты-шынтысымен әр ағаштың түбін қаза бастады.

Әбден сілелері қатып, шаршаған ұлдарының алдына шешелері қатқан нан мен қайнаған су қояды. Балалары қатқан нан мен қайнаған суды жаңа піскен нан мен балдан артық үлкен тәбетпен жейді.

Шешесі балаларын кешке де солай тамақтандырады. Балалар алтынды кешке дейін іздейді. Сөйтіп, олар барлық бақты қазып шығады. Жері қопарылған бақ бұрын болмаған жеміс береді. Өсіп тұрған жемістен ағаштардың бұтақтары жерге иіледі.

Шешелері көңілді отырған бір күні:

– Балаларым менің, әкелеріңнің дәмді тамақ жеңдер дегені – тамақтарыңды тер төгіп табыңдар дегені. Еңбекпен тапқан нан қатты болса да тәтті болады. Оны өздерің де көрдіңдер. Әкелерің баққа ешқашан алтын көмген емес. Сендер алтын іздеп, бақтың бәрін қопарып қазып шықтыңдар. Сондықтан біз мол жеміс алдық. Сендердің еңбектеріңнің жемісі – ат басындай алтын дегеніміз осы.

Сұрақтар:

1. Қарт кісі үш ұлына не деді?
2. Ұлдары әкенің тілектерін не істейді?
3. Үшінші ақылды кімнен сұрайды?

ҰЛАҒАТТЫ СӨЗ

Аз ғана игі іске көп рақмет айт.

Ж. Баласағұн

ТҮЛКІ МЕН ҚАСҚЫР

Бір шаруаның үйінде су құятын үлкен бөшкесі бар екен. Келе-келе құдық қазып алыпты да, әлгіні пайдаланбай қойыпты. Қу түлкі оны сырттай бақылап, қауіп жоқ екенін біліп алады.

Бір күні кешке ақырын келіп, бөшкеге түсіп, жасырынып отырады. Үй-іші ұйқыға батқан кезде, бөшкеден шығып, бар тауықты қапқа салып, түнделетіп ізін жасырады. Олжаға қарық болған түлкі, әкелгенін жеп, інінен шықпай жата береді. Ақыры іші пысқан соң шыдамай орманды аралауға шығады. Жүні жылтылдап, құйрығы күлтеленіп, құлпырып кеткен түлкіні көрген қасқыр аялдап:

–Түке, әдемі болып кетіпсіз, қарныңыз тоқ, көйлегіңіз көк екенін көріп қайран қалып тұрғаным. Сыр бөлісейік, –дейді. Әңгімеге тартып, арсалаңдап. Түлкі болған жағдайдың бәрін түгелімен жасырмай айтып береді. Қасқырдың көзі жайнап, сілекейі шұбырып, қуанғанынан «Енді мен барайыншы», –деп жабысады түлкіге. Сол күні кешке қыстаққа қасқыр келеді. Үй іші ұйқыға батқан кезде, бөшкеден шығып, бір тоқтыны атып ұрады. Қарнының тойғаны сонша, жүруге шамасы келмей, бөшкенің ішіне қайта түсіп, ұйқыға кетеді. Жәй ұйықтаса мейлі ғой, қорылға басады. Бөшкенің ішінен шыққан қорыл, ауланы басына көтереді. Үйдің

иесі бөшкеге жақын келіп сығалап қараса, қасқырдың ұйықтап жатқанын көріп, шошып кетеді. Ақырын көршілерді шақырып келіп қасқырды соғып алады.

Ақымақ қасқыр осылай өзі келіп қолға түседі.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Шаруаның үйінде не бар еді?
2. Бөшкеге түскен түлкі не істеді?
3. Түлкіге кезіккен қасқыр не айтты?
4. Қасқыр қалай қолға түседі?
5. Ертегіні мәнерлеп оқып, мазмұнын айтып беріңдер.

Шыңғыс Айтматов

АҚ КЕМЕ

(Шығармадан үзінді)

IV

Бала жан-жағына қарады. Айнала тау, жар-тас, мылқау, мызғымайтын дүние, орман. Анау көк жалтыр, қарлы мұз тарау-тарау болып, жыландай жылжып төмен аққан жылғалар бас қосып, тек бері қарай жақындағанда үн шалып, мәңгі-бақи шулап аққан өзен. Тау дегеніңізде шек жоқ, әлі ұйқыда жатқан алыптай меңіреу. Бала осы сәтте өзін мүлде бір қорғансыз, бейшара, көзге ілінбес мүсәпір сезінді. Қол ұшын берер кім бар, жападан-жалғыз. Іргелес маңғаз таулар—олардың ортасында тырнақтай жалғыз өзі.

Көлдің арғы жиегіне батып бара жатқан күн кешқұрым салқын тартты. Шығыс жақтағы жоталардан аласа көлеңке түсе бастады. Күн еңкейген сайын көлеңке де төмен жылжып, тау етегін алып келеді. Былайғы күндері тап осы сәттері Ыстықкөлде ақ кеме көрінетін.

Бала дүрбісін көз жетеді-ау деген жаққа бағыттап, демін ішіне тартып, бір сәт қадалып қалды. Әне, әне! Енді дүниенің бәрі ұмыт болды. Көрдің бе, сызып келеді, анау бара жатқан Ыстықкөлдің айдын төсіндегі ақ кеменің бері шыға бергенін қарашы. Әнеки, әне! Дәл өзі, үсті қаз-қатар мұржа сияқты, көрдің бе, жүрісін-ай, шіркіннің. Қандай тамаша! Оқтай түзу, алған бағытынан қайтпай жүзіп барады. Бала дүрбінің әйнегін көйлегінің етегімен бір сүртіп, өзінше жөндеген болды. Кеменің бар болмысы бұрынғыдан да айқын көрінді. Енді толқын үстінде теңселіп бара жатқаны да айқын сезіледі. Ізінде қалып бара жатқан ақ көбік те көзге шалынады. Бала ақ кемеге бар ынтасымен үздіге қарайды. Әттең, дүние! Шамасы келсе, осы ақ кемені бермен—өзіне қарай жүз дер еді. Ол бері қарай келсе, үстіндегі адамдарды да көріп, қанша рақатқа батар еді. Не пайда, кеме баланың бұл арманын қайдан білсін. Ол сол өзінің баяу, байсалды қалпымен алған бағытында кетіп, бара жатыр. Қайдан шығып, қайда бара жатқаны беймағлұм.

Аударған Қ. Мұхамеджанов

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Баланың көңіліне неге қаяу түсті?
2. Бала ақ кемені көргенде қандай сезімге бөленді?
3. Бала тұрған жердегі табиғат көрінісін (пейзажды) жазушы қалай суреттеген?
4. «Ақ кеме» повесін аяғына дейін оқы.

*Джанни Родари,
Итальян ақыны*

КӘСІПТЕР ИСІ

Бақсаң, әрбір кәсіптің
Исі ерекше, әр қилы.
Нан дүкеннен
Ашытқы,
Нанның ісі аңқиды.

Өтсең,
Ағаш шебері
Сарайының жанынан,
Тақтай ісі келеді
Жаңа ғана жонылған.

Сыршылардан аңқиды
Скипидар, сыр ісі.
Әйнекшінің аңқиды
Сырға ұқсас бір ісі.

Шоферлардан аңқиды
Бензин сіңген шаң ісі.

Жұмысшыдан аңқиды
Машинаның май исі.

Кондитерден аңқиды
Мускат, жаңғақ дәні исі
Дәрігерден аңқиды
Кермек иіс, дәрі исі.

Шаруадан аңқиды
Шалғын исі, жер исі.
Балықшыдан аңқиды
Балық исі, көл исі.

Аңқып жүрсе үнемі
Жұмыскердің күллісі,
Ылғи борсып жүреді
Жұмыссыздың бір исі.

Кер жалқаулар
Үстіне
Қаншама әтір себілсін,
Септігі жоқ исіне,
Жоя алмайды ол исін.

Аударған С.Телғозиев

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Әр кәсіптің қандай исі бар?
2. Қай кәсіп иесі исін жоя алмайды?
3. Өлеңнің соңғы 4 шумағын жаттап алыңдар.

ТОМ СОЙЕРДІҢ БАСЫНАН КЕШКЕНДЕРІ

(Үзінді)

Мери немере інісі Томның үсті-басын таза-лау үшін біраз әуреге түсті.

...Мери оған су толтырылған жез шылапшын мен бір кесек сабын берді. Том есіктің сыртына шығып, шылапшынды орындықтың үстіне қойды. Содан кейін сабынды суға малып алды да, қайтадан орнына қойды. Сосын жеңін түріп, суды жайлап жерге төкті, ас үйге кіріп, есікте ілулі тұрған орамалды алып, ол екі бетін бар пәрменімен ысқылап сүрте бастап еді, Мери оның қолындағы орамалын жұлып алды.

–Ау, Том, ұят емес пе!–деп айқайлады. –Осындай жаман бала болуға бола ма! Саған судан келетін кесір жоқ қой.

Том ұялғаннан қызарып кетті. Шылапшынды суға қайта толтырып алды. Бұл жолы Том өзінше сабырлық жасап судың жанында біраз тұрды, сөйтіп бір күрсінді де, қайта жуына бастады. Ол ашыған көзін жұмып, орамалды айнала іздеп ас үйге екінші рет кіргенде, бетінен сорғалаған су мен сабынның көбігі оның осы жолы дұрыстап жуынғандығына күмән келтірген жоқ. Бірақ сүртініп тұрған орамалын былай қоя салғанда, ойлағанымыздай болып шықпады. Ол бетперде киген адамдай, маңдайы мен иегінің аралығын ғана жуыпты да қойыпты. Ал

маңдайдың жоғарғы жағы мен иегінен төмен қарай тамшы су тимеген, мойнының айналасы қара күйедей...

Аударған Т. Амандосов

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Әңгіме кім туралы?
2. Таза судан қорқатын, Том Сойердің әдісінше жуынатын балаларға қандай кеңес берер едің?
3. Томның қалай жуынғанын әңгімелеп беріңдер.

Иван Цескович (Серб-Хорватия)

НЕМЕН НЕ ҚҰШАҚТАСАДЫ?

Жағалаумен құшақтасар теңіздер,
Егіздермен құшақтасар егіздер.

Асқар тау да бере алмайды кекжие,
Аспанменен құшақтасар көкжиек!

Жолдың ұшы құшақтасар ауылмен,
Жабағы бұлт құшақтасар дауылмен.

Қызыл қораз құшақтасып ақ таңмен,
Күннің нұрын қарсы алады мақтанмен.

Оқушылар құшақтасып дәптермен,
Бейбіт тірлік құшақтасар кептермен.

Жауаптармен құшақтасып сұрақтар,
Қараңғыны аймалайды шырақтар.

Жапырақтар құшақтасып желменен,
Аққу-қаздар аймаласар көлменен.

Аэропортпен амандасып ұшақтар,
Айқасады құшақтар мен құшақтар!

Аударған Қадыр Мырзалиев

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Жауаптармен не құшақтасады?
2. Құшағың айқара ала ашыла ма?
3. Өлеңді жаттап алыңдар.

Иован Иовоноч Змай

КӨК ЖАЛҚАУ

– Сабасаңыз сабаңыз,
Кірмеймін мен есепке! –
Деді дағы Савваңыз
Құлай кетті төсекке!

Жаны сүйген ісінде
Оныменен тістеспе.
Бір бақшаны
Түсінде
Суарғаны түсті еске!

Кететін жан егесе
Ақылыңды тыңдай ма?
Жалқаулығы он есе
Ұстайды оның мұндайда.

Тұла бойы құрыстап,
Таң қалдырып баршаны:

– Түсімдегі жұмыстан, –
Дейді, – әбден шаршадым!

Аударған Қадыр Мырзалиев

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Кім не деп төсекке құлай кетті?
2. Бір бақшаны Савва қай кезде суарып жүр?
3. Оның неге жалқаулығы ұстайды?
4. Ол қайдағы жұмыстан шаршап жүр?

Бөлімді қайталау үшін сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Эзоптың мысал өлеңінен нені ұқтыңдар?
2. Мюнхаузен әңгімесінің ең күлкілі жайын тауып оқыңдар.
3. Абай атаң неге И.А.Крылов өлеңін аударған?
4. Немен не құшақтасады екен, сендер қалай ойлайсыңдар? Өздерің жаңадан немен не құшақтасатынын айтыңдар?
5. Дініне, түріне, түсіне де қарамай, әлемдегі балалардың барлығы бір-біріне бауыр болып жасаса, тұрмысымыз бұдан да жақсы, көркем болар ма еді, қалай ойлайсыңдар?

ЕСКЕ АЛУ – ҚАСИЕТТІ, ТЫНЫШТЫҚ ПЕН ДОСТЫҚ – ҰЛЫ ЖЕМІС

БАС ИІП АЛҒЫС АЙТАМЫН!

*Сөзі мен әні
Бақыт Исаеванікі*

Өтсе де уақыт зымырап
Тарихты қалай ұмытпақ.
Соғыста өлген ерлерді
Еске салып жүр ұрпақ.

Қайырмасы – 2 рет:

Болмасын соғыс, болмасын,
Көңілге мұң-шер толмасын!
Аналар жесір, сәбилер жетім,
Кәрі-жас жүзі солмасын.

«Елім» деп соққан жүрегі,
Талмаған жауға білегі.
От кешкен әрбір жауынгер
Соғыстың жайын біледі.

Қайырмасы – 2 рет:

Ақ шашты ғазиз ардагер
Қорғаған Отан нағыз ер.
Бас иіп алғыс айтамын бүгін
Атынан халық, қалың ел.

Ынтымақ, бірлік ұранын
Адамзат бүгін қорғасын.

Бөленіп нұрға жер беті
Әлемге бейбіт орнасын!

Қайырмасы – 2 рет.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. 1941–1945 жылдардағы өзбекстандық соғыс ба-
тырларын білесің бе?
2. Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің суреттерін са-
лып келіңдер.

Ыбырай Алтынсарин

ӨНЕР – БІЛІМ БАР ЖҰРТТАР

Өнер – білім бар жұрттар
Тастан сарай салғызды,
Айшылық алыс жерлерден,
Көзіңді ашып-жұмғанша,
Жылдам хабар алғызды.
Аты жоқ құр арбаны
Мың шақырым жерлерге
Күн жарымда барғызды.
Адамды құстай ұшырды,
Мал істейтін жұмысты
От пен суға түсірді.
Отынсыз тамақ пісірді,
Сусыздан сусын ішірді.
Теңізде жүзді балықтай,
Дүниені кезді жалықпай,
Білгендерге осылар
Бәрі-дағы анықтай.

Біз де бекер жатпалық,
Осыларға таныспай,
Ат өнері білінбес
Бәйгеге түсіп жарыспай.
Желкілдеп шыққан көк шөптей
Жаңа өспірім достарым,
Қатарың кетті-ау алысқа-ай,
Ұмтылыңыз қалыспай.
Біз надан боп өсірдік
Иектегі сақалды.
«Өнер – жігіт көркі» деп
Ескермедік мақалды...
Біз болмасақ сіз барсыз,
Үміт еткен, достарым,
Сіздерге бердім батамды!

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Өнер – білім бар жұрттар неден не салғызды?
2. Адамды құстай ұшырған не?
3. Ы.Алтынсаринді халқымыз неге еске алады?

ТҰМАРДЫҢ ОЙЫ

Төрт жастағы Тұмар әке-шешесімен бірге алыстағы Анталияда демалыста жүр. Мөп-мөлдір теңіздің жағасы – таза құм. Ауа тынық. Анасы мен әкесі теңізде жүзіп жүр. Тұмар құмнан бейне жасап ойнап отыр еді. Енді көзі көк тауға тігіліп, ойланып қалды.

– Не істеп отырсың? – деді әкесі оның қасына келіп.

– Ойланып отырмын, – деді Тұмар ақырын.

– Не ойлап отырсың?
– Әжем мен атамды ойлап отырмын.
– Ол кісілермен кеше ғана телефонмен сөйлестік қой...

– Атамның қарны ашып қалды ма екен...
– Уайымдама, атаңның қасында әжең бар...
– Әжемнің аяғы ауырады ғой...
– Әжең тамақты аяғымен жасамайды... – деді әкесі күліп.

– Неге күлесіз, әке? Әжем ауырып жатса... кісіні аяу керек қой...

– Барамыз атаң мен әжеңе. Алдымен тынығып алайық. Мына жағажай.

Қандай тамаша! Тынық теңіз, тұнық тау, рақат! – деді әкесі Тұмарды қызықтырып.

– Бәрінен де әжем мен атамның қасында болған қызық! – деді Тұмар.

– Онда жүр. Дүкеннен әжең мен атаңа базарлық алайық, – деді әкесі. – Ертең кетеміз.

– Алақай, атам мен әжеме базарлықты мен таңдаймын, – деді Тұмар қуанғаннан секіріп-секіріп кетіп.

«Атаң мен әжеңді сағынған жүрегіңнен айналдым!» деді әкесі ішінен оған сүйсіне қарап тұрып. Артынша оны мойнына мінгізіп алып, дүкенге қарай беттеді.

Тұмар атасы мен әжесіне көп-көп сыйлық алды.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Теңіздің жағасында кімдер жүр?
2. Тұмар не ойлап отыр?

ЖЕҢІС, АТАМ ЖӘНЕ МЕН



Жылда атап өтем мен,
Жеңіс күні – мерекем.
Жеңіс туын көтерген
Атам менің ер екен.

Сол күні ол мақтанып,
Ерте тұрып алады.
Құттықтасам,
Шаттанып,
Бір қуанып қалады.

Сұлуланып киініп,
Ордендерін тағады.
Мен қараймын сүйініп,
Атам күлім қағады.

Азаттығын Отанның
Қорғап қалған ер екен.
Мерекесі атамның –
Менің-дағы мерекем.

Өмір – теңіз айдынды,
Есіп келе жатырмын.
Ұрпағымын айбынды
Елін сүйген батырдың.

Қалың жауды қаһарлы
Мәскеуге бір жолатпай,
Қорғап қалды шаһарды,
Қамал болып болаттай.

* * *

Жеңіс күнін тойлаймыз,
Біз көреміз жемісін.
Ерлерді де ойлаймыз,
Қыршын кеткен ел үшін.

Соғыс аты жойылған,
Өткен күннен бар аңыз.
Боздақтарға қойылған
Ескерткішке барамыз.

Күн туған ел басына
Аламыз сол жылды еске.
Ескерткіштің тасына
Қоямыз біз гүлдесте.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Атам әр жылы қай күнді ерекше сезіммен қарсы алады?
2. 9 мамыр – Елімізде қай күн деп жарияланған?
3. Сол күні сен қайтесің?
4. «Мерекесі атамның –
Менің-дағы мерекем» дегенді қалай түсінесіңдер?

Арман Ерланұлы

БАСПАЛДАҚ

Жаздың кезі болатын. Ербол екеуіміз үйдің артында ойнап отырғанбыз. Бір кезде ол мектепке қарады да:

– Мен күн суық болғанда мектепке барамын, – деді.

– Кім айтты? – дедім мен таңданып.
– Бәрі. Мама, папа... бәрі айтып жатыр.
Жаңа киім әпереді, өзімнің сөмкем болады.

Мен Ерболдың алдында төменшіктеп қалдым.
Өйткені маған әлі ешкім мектепке барасың деп айтқан жоқ еді.

– Төбесінде оқисың ба? – дедім сосын мектепке қарап. Мектеп екі қабатты болатын.

– Білмеймін, – деді Ербол.

– Жүр, мамамнан сұрайық, – дедім мен.

Даладағы пешке құрт қайнатып жүрген анама бардық.

– Мама, мен мектепке қашан барам?

– Келесі жылы.

– Ол қашан?

– Қыс болады, сосын жаз болады, содан кейін.

Ар жағыма бірдеңе барғандай болды. Түсінген сияқтымын.

– Жаңа киім әпересің бе?

– Иә.

– Сөмке ше?

– Оны да.

– Мама, мектептің төбесінде не бар?

– Екінші қабатта ма?

– Иә.

– Сыныптар бар. Онда балалар оқиды.

– Сен сонда шығасың ба?

– Иә.

– Қалай шығасың?

– Баспалдақпен.

Менің көзіме қораның төбесіне шығатын темір саты елестеді. Мамам сондай басқышпен екінші қабатқа шығып бара жатқандай. Қорқынышты сияқты. Ерболды қайдам, мен мұны түсіне алмадым.

Соны байқаған болар, мамам:

– Қаладағы Азат көкеңдердің үйінде баспалдақ бар еді ғой? Тура сол сияқты, – деді анықтап.

Қалаға барғаным шала-шарпы есімде. Бірақ ол кезде әлі кішкентаймын ғой, қазір баспалдақ есімде қалмапты.

– Мама, мектепке барсақ бола ма? – дедім мен анама өтіне қарап.

– Неге болмасын, болады. Қазір жазғы демалыс. Онда қарауылдан басқа ешкім жоқ қой. Мектепке не үшін барайын деп едің?

– Баспалдақты көрейін деп едім. – Анам мырс етіп күліп жіберді де:

– Мақұл, айналайын. Мына жұмыстарымды бітірейін. Түстен кейін Ербол екеуіңді ертіп барып, мектепті аралатамын, – деді анам жүзі жадырап.

Баспалдақты көріп, таңқалғаным еміс-еміс есімде. Кейін сол баспалдақпен мың рет, миллион рет жоғары-төмен жүрдік қой. Сөйтсем, ол жай ғана баспалдақ емес, білім баспалдағы екен ғой...

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Мен кімнің алдында төменшіктедім?

2. Кімнің үйінде не бар?
3. Анасы кімнің сөзіне мырс етті?
4. Мәтін неге «Баспалдақ» атанған?

МЕН СОҒЫСТЫ ЖЕК КӨРЕМ

Мөлдір Биназарова: Мен бейбітшілікті сүйемін. Әлем балалары соғыстың болмауын тілейді. Елімізге керегі – тыныштық. Соғыс – адамзат үшін қасірет.

Қанағат Сауранбай: Менің Сауранбай атам да Ұлы Отан соғысына қатысқан. Елге аман оралып, қызмет істеген. Мен атамның ерліктерін мақтан етемін. Атам сияқты мен де батыр болғым келеді.

Әділ Кәкім: Біз бейбіт өмір сүріп отырған елміз. Соғыс туралы тек кітаптардан, фильмдерден білеміз. Соғыста өте қиын болғанын сол соғысты өз көзімен көрген жауынгерлер біледі. Біз сол соғыста ерлікпен шайқасқан ерлерімізді ешқашан ұмытпаймыз.

Фариза Жайлыбаева. Мен соғысты жек көрем.

Кім қасірет шекпеген,
Кім көз жасын төкпеген?

Талай өткен ғасырлар

Еш соғыссыз өтпеген, – деп ақын жырлағандай, мен де соғысты жек көрем.

Елназ Тасқын: Әр адам өз елінің бейбіт өмір сүргенін қалайды. Біз – Отанымыздың болашағымыз. Осы бейбіт өмірдің сақталуына өз үлесімізді қосуымыз керек.

Айдана Мұхтарова: Бейбітшілікті, достықты мәңгі сақтауымыз керек. Мен ел мен елдің, мемлекет пен мемлекеттің татулығын қалаймын.

Тоғжан Қайратқызы: Менің де нағашы атам соғысқа қатысқан. Соғыста біздің еліміздің күші көп болды, себебі олар бірлікте болған. «Бірлік бар жерде тірлік бар» деп бекер айтпаған.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Әңгіме қай жылдардағы соғыс жайлы болып жатыр?
2. Әлемнің барлық елдерінде тыныштық па?
3. Қай оқушылардың сөздері сендерге ұнады?
4. Қанатты сөзді кім айтты?

СЫНЫПТАН ТЫС ОҚУ


Ақылбек Шаяхметов

КӨМЕКШІ

Шынардың атама
Көмегі өте көп.
Үшінші қабаттан
Түседі жетелеп.

Жүреді серуендеп,
Екеуі көшеде.
Атамды көрген ел
Деседі: «Нешеде?»

Сексенге келсе де,
Жоқ оның таяғы.



Шынармен жүргенде Талмайды аяғы.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Атасына көп көмек беретін кім?
2. Шынар кіммен серуендеп жүреді?
3. Атаның жасы нешеде екенін өлеңнің қай жолдарынан табуға болады?
4. Шынардың бойынан қай қасиетті ұқтыңдар?

Молдахмет Қаназов

ҚҰМЫРСҚА ӘЖЕНІҢ ТУҒАН КҮНІ

...Құмырсқаның илеуі қобыр да қобыр, өйткені илеуде тойға әзірлік қызу жүріп жатқан. Осы қара шаңырақтағы бір мың екі жүз он жеті құмырсқаның кәрі әжесі болатын. Бүгін сол әженің туған күні.

Әже ең түкпірдегі төргі тыныш бөлмеде не түрлі дәндердің, қауыздарынан үйілген жұп-жұмсақ төсектің үстінде жатыр еді. Жейтін тамағы оң жағында, ішетін суы сол жағында. Ұйқысынан енді оянып, кебісін кигелі еңкейе бергенде, илеудің іші шу ете түсті. Әже:

–Ойбай, бұ не, түге?–деп шошып кетті. Байқаса, бұның оянғанын күтіп отырған балалары, келіндері, немерелері, шөберелері, шөпшектері мен неменелері, не керек, өзінен өрбіген барлық құмырсқа атаулы түгел екен. Олар бүгін әдейі ерте тұрып алып, әженің оянуын күтіп отырған болып шықты.

–Әже, туған күніңізбен!

–Әже, ұзақ өмір жасап, бізге басшы болып отыра беріңіз!

–Сіздің арқаңызда илеуіміз тереңдеп, азық-түлік қоймамыз молая түссін!

–Бүкіл құмырсқалардың татулығына қылау түсірмейтін адал да еңбекқор ұрпақ тәрбиелей беріңіз.

Бірі етегіне жармасты, енді бірі мойнына, біреуі тұла бойын жыбырлатып қойнына кіріп кетті. Бөлменің шаңы шығып қобыр-қобыр болды. У-шудан әженің көзі қарауытып, басы айналды.

Әжейдің қартайғандығы соншалық, өзінің туған күнінің тап бүгін екенін де ұмытып қалған еді. Толқығанынан көзінен жас шығып кетті. Көзін сүртпекке жан-жағын қарманып еді, орамалын таба алмады. Елу бес шөбересі жүгіріп барып әженің бет орамалын әкеліп берді. Әже дымқылданған көзін сүртіп отырып:

–Бақытты болыңдар, қарақтарым. Бақытты болыңдар,—деді. Беті-қолымды шаяйын.

Жиырма төрт немересі жүгіріп кетті де, жылы су құйылған құман алып келді. Он алты немересі әженің төсегінің алдына леген әкеліп қойды. Әже жуынып-шайынып болған соң, қырық келіні оның бетін сүртетін сүлгі жеткізді.

Сонан кейін бәрі жабылып әжеге шай берді. Әже шайға әбден қанып болған соң, тағы да: «Балаларым, бақытты болыңдар»,—деп рақметін айтты да, не түрлі дәндердің қауыздарынан

үйілген жұп-жұмсақ төсегінің үстіне қайта қисайды. Құмырсқа әженің қартайғандығы соншалық, бұл күндері аулаға шығып, кімнің қалай жұмыс істеп жатқанын да бақылай алмайтын болған.

Күнге шығып шуақтауға да дәрмені жетпейді, төсегінде жата береді. Ұйқысы келсе, ұйықтайды, ұйқысы келмесе, мүлгиді. Жиырма төрт немересі көрпе жапты, он алты немересі жүгіріп жүріп әженің жан-жағын қымтады. Қырық келіні аяқтарының ұштарымен жылыстап жүріп ыдыс-аяқты жинастырып, әже жатқан бөлменің есігін жайлап бекітті.

Сонан кейін туған күнге дайындық қызу басталды да кетті. Алты жүз алты баласы отын тасыды, бес жүз он жеті келіні қазан көтеріп, шай қайнатты, екі жүз алпыс алты шөпшегі шөпшек түріп, есіктің алдын сыпырды, әлі ауладан шығып үйренбеген бір жүз жиырма жеті немере қазан-ошақтың айналасында бауырсақ жеп, ойнап жүрді.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Әже кімдерге алғысын айтады?
2. Құмырсқалардың әжесі не үшін төсегінде жата береді?
3. Ертегіні оқып, мазмұнын түсініп алыңдар.
4. Осы сабақты қазақ тілімен қалай байланыстыруға болады? Сан есім сөздерін еске алыңдар.
5. Ертегіні өткен сабақтағы ертегімен салыстырыңдар.
6. Әдепсіз қасиеттерден арыл.

НЕ ДЕУ КЕРЕК?

Апаң сенің базардан
Алма сатып әкелді.
Ең үлкенін, жақсысын
Саған таңдап әперді.
Не деп барып жеу керек?

Балалар жүр көшеде,
Естіледі шу-айқай.
Сен де шықтың, көршінді
Қағып кеттің байқамай,
Мұндайда не деу керек?

Осы келген бетінде
Допты құдың, жарыстың.
Көшенің сол шетінде
Кезікті бір танысың,
Ұмыттың сен не деуді?

Үй артыңда қоқысты
Жатқан көптен үйіліп,
Тазалайды қарт кісі,
Белі зорға иіліп,
Не дегенің жөн еді?

Әжең сенің түскі асқа
Қанттарды салды мол.
Жұрттан бұрын ыдысқа
Әй-шәй жоқ, салдың қол.
Жөн едің не айтқаның?

–Добын апар Назардың!–
Деді ағаң, бармадың.
Тапжылмадың, сазардың,
Аға тілін алмадың.
Сен қай сөзді айтпадың?

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Өлеңде қандай қателіктер туралы сөз болып тұр?
2. **Рақмет, кешіресіз, ассалаумағалейкүм, мың жасаңыз, құп болады, рұқсат па?, мақұл, жарайды** сөздері нені аңғартады?
3. Әдептілікті қазақ халқы басқаша сөзбен тағы не деп атайды?
4. *Қай жерде болсаң да, әдеп сақта.*

ҚОЛҒА СУ ҚҰЮ

Қазақ халқының көне ұғымының қалыптасқан сауабы мол істердің бірі–қолға су құю. Халқымыздың қонақжайлылығы аңызға айналып, әлемге танылғаны шындық. Бірі келіп, бірі кетіп жататын абыр-сабыр көп қонаққа қажетті сый құрметтің тағы бір түрі–ас алдында және астан кейін қолдарына су құю, орамал ұсыну. Ол үшін сол үйдің қолы құман мен леген көтеруге жараған баласы қонақ құрметіне қызмет етуге кіріседі. Ол оң қолына қанжылым су толтырылған құманды, сол қолына легенді ұстап, сулық орамалды сол жақ иығына асып алдыға шығады.

Ең алдымен сол үйдегі қонақтың ең үлкен ақсақалынан бастап, дастарқанды алқа-қотан

қоралай отырған қонақтарға рет-ретімен су құяды. Иығындағы сулық орамалды қолындағы құман мен легенді жерге қойып тұрып, ең алғаш су құйылған ақсақалдың қолына ұсынғаннан кейін, су құюшы бала орамал ұсыну міндетінен босайды. Енді орамал рет-ретімен жылжи береді де, бала су құю қызметін әрі қарай жалғастыра береді. Ең соңғы қонаққа су құйылып болған кезде, орамал иығына қайта қонады, бала алғашқы су құю міндетін ада етеді. Қонақтар асын ішіп, асқа бата қайырып болған соң, су құю қызметі қайта басталады. Бұл жолы су құюшы баланың иығына сулық орамалдың орнына майлық орамал асылады.

Су, құю да, оған үлкендер тарапынан айтылатын алғыс та бұрынғыдай. Дегенмен, су құюдың сауапты іс екеніне әбден сенген, оның қаншалық іш пыстырар қиыншылығы болса да, қаймықпай көтеруге балғын жүрегімен көнген бала бұл нәубетті де атқарып шығады. Қонақтардың батасы мен алғыстарын алып қарық болады. Үлкендер су құйған балаға ақ ниеттері мен жүрек жарған батасын, ата-аналық алғысын айтып жатқанда, сол қонақтардың арасына кіріп кеткен кейбір епті жезделер су құйған балаға былай бата берерін қайтерсің: «Судай сұлуға жолық, екі көзі қылиға жолық». Осы бір іліп-қақпа сөздің өзі де дастарқан басына өзіндік бір түр беріп, күлкі тудыратын.

«Су құю сауапты істердің бірі», – деп айттық. «Сауапты» деген сөздің мағынасына

келсек, ол – сол адамның өзіне де, өзгеге де пайдалы деген мағынаға саяды екен. Ондай сауапты істер бүгінгі таңда да мәнін жоя қоймаған, керісінше, енді-енді қайта түсіне бастаған істер бар. Мәселен, бітеліп қалған бастаудың көзін ашу, жанбай жатқан оттың көзін ашу, адасқанға жол көрсету, судан қамалған адамға өткел көрсету немесе қолынан келсе көпір салып беру, ғылым мен өнерге құштар адамдарға қол ұшын беру, көмектесу, жарлы-жақыбайларға болысу, т.б.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Сауабы мол істерге не жатады?
2. Құрметтің бірі не?
3. Қолға су құю кімнен басталады?
4. Қолға қай уақытта су құю керек?
5. Қолға ұсынылатын орамалды не деп атайды?
6. «*Майлық*» деген не?
7. Мәтінді оқып, түсініп алыңдар.

Бөлімді қайталау үшін сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Кімдер соғыста опат болған ерлерді еске алып, бас иеді?
2. Кинолардан көріп, теледидардан тамашалап жүрсіңдер ғой. Қай фильмде соғыс көбірек бейнеленген?
3. Ауылдарыңда соғыс ардагерлері қалды ма?
4. Оларға үкіметіміз қандай қамқорлық жасап жатқанын білесіңдер ме?
5. Балалар соғысты неге жек көреді?
6. Өмір баспалдақтары дегенді қалай түсінесіңдер?
7. Жақсылық жасап, қол ұшын беруді қалай деп ойлайсыңдар?

ЖАЗ ӨТЕДІ САЗ



Таңжарық Жолдыұлы

ЖАЗ МЫСАЛЫ

Жаз шығып, жердің жүзі жайнағанда,
Жағалай жал-жотаны жайлағанда;
Самалды сары дөңге желі тартып,
Иректеп құлын-тайды байлағанда;
Сары қымыз саба-саба сапырылып,
Самауыр тыста тұрып қайнағанда;
Қызарып қымызбенен екі көзің,
Езілтіп бағлан етін шайнағанда;
Ел көшсе екі-екіден ән салысып,
Көш жанып, жастар жылқы айдағанда;

Алма, өрік, таңқурайлар сайда пісіп,
Мұңданып, бұлбұл, торғай сайрағанда;
Тоқылдақ тыным таппай ағаш қашап,
Тұмсығын оңды-солды қайрағанда;
Жүн сабап, өлең айтып, ән шырқатып,
Жиылып қыз-бозбала ойнағанда;

Тапсырма

Жаз маусымындағы тіршілік иелерінің әрқайсысының қимыл-әрекеттерін өлең жолдарынан табыңдар.

Наурызбай Жарбосынұлы

ДАЛА АЙШЫҚТАРЫ

Өркешті құмдар, шұңғылдар...
Құмдарда ғажап сыңғыр бар.
Бойжеткен қыздай бұралып,
Көрсетер бойын жыңғылдар.

Таңдашы нені көксеуін
Қамығып дала төксе уіл?
Өткенді оймен өлшеген
Қарттарым сынды сексеуіл.

Күдерін көптен үзген бе?
Таптырмай кетті-ау түзден де.
Түңілген қара кемпірдей
Бүк түсіп жатыр жүзген де.

Сағынышыңмен аралай,
Сағымды қусаң жағалай,
Есерсоқ құйын қарсы алар
Сақ-сақ күлген баладай.

...Жалдарды жақын жанама,
Таппасаң тәуір балама.
Адамға тартып тұратын
Ұқсастық бар-ау далада.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Өлеңде еліміздің қай өлкесі суреттелген деп ойлайсыңдар?
2. Өлеңді жаттап алыңдар.

Мұрат Көккөзов

НӘЗІК СЫЛДЫР

Қиыршық қызыл құм жолаушының бетіне тисе, теріс айналдырады. Керуеннің шыққанына бірнеше күн болған. Ұзақ керуеншінің бірі ояу, бірі мүлгіп, түйе үстінде тербеліп келеді. Қанша күн жүргенін де есептемейді. Бір күні аштықтан, шөлден әбден қалжыраған адам кездеседі, ес-түссіз жатыр екен. Бірақ керуеннің алды бұл адамға назар аудармай өте береді. Сонда керуеннің соңындағы бір шал түйесінен түсіп, ессіз жатқан адамның қасына барады. Жатқан адам: «Су?» – дейді. Аспан айналып жерге түскендей ыстық, аңызақ желмен сапырылған қиыршық құм сексеуіл түбіне ұйлығады.

Шал торсығын алып, жатқан адамның беті-қолын жуып, су ішкізеді. Өлгі адам есін жиған соң, шал оның алақанына қарап: «Сен менің жауым екенсің. Бірақ шөлде бәріміз туыспыз. Мен қартайдым. Сен жассың, суды іш те, өмір сүр», – дейді де, түйесіне мінгізіп, керуеннің

соңынан жіберіпті. «Өзіңіз қайтесіз?»–десе, «Менің өмірім санаулы қалды»,–дейді шал. Жолаушы керуенді қуып жетуге ентелейді. Ұясына батып бара жатқан күн де адамның жасаған жақсылығы зая кетпесе екен дегендей, ұзақ аялдайды. Бұл кезде жолаушы керуенді қуып жетеді.

Шал ақ матаға оранып, құмға жата кетеді.

Күндер, айлар өтіп, керуен кері қайтады. Жолаушыларға шексіз құмның арасынан шалқыған су көрінеді. Таяп келсе, көл жиегі көкорай шалғын, қамыс екен. Керуеншілер шал оранған ақ жамылғыны ғана байқайды. Бұлақтың нәзік сылдыры жүректі сипағандай сезіледі. Бұлақ адамға адамның жақсылық жасаған жерінен пайда болыпты. Нәзік сылдыры жақсылықтың өшпес үні тәрізді.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Жатқан адам не деді?
2. Кім керуенді қуып жетті?
3. Бұлақ неден пайда болыпты?
4. Мәтіннің тақырыбын өзгертсек, не деп қояр едіңдер?

Мәдіхат Төрежанов

ЖАСАНДЫ ЖАҢБЫР

Шаймерденнің атасы ұжымшардың бау-бақшасын күтеді. Бірде қаладан келген немересін бақшаға алып келді. Жаз шыққалы бір тамшы жаңбыр жаумай, үлкендер:

– Жаңбыр жоқ, жер құрап барады. Биыл құрғақшылық болмаса, жарар еді?! – деген қауіптерін жиі айтып жүр.

Тал түс. Күннің көзі шақырайып, күйдіріп тұр. Атасы Шаймерденді көлеңкеге отырғызды да, бақшаны аралап кетті. Бір кезде жаңбыр жауды. Шаймерден қараса, жаңбыр аспаннан жаумай, жеміс-жидектердің бойымен тартылған трубалардың бойынан себелеп тұр.

Шаймерден екі қолын шапалақтап:

– Ата, ата, алақай, алақай! Жерден жаңбыр жауды! – деп, атасының жанына жетіп келді.

– Мен күн сайын жаңбыр жауғызып жүрмін. Мұндағы жаңбырдың жауу-жаумасы менің қолымда.

– Қалай сіздің қолыңызда? Бұлтсыз жаңбырды қалай жауғызасыз?

Атасы кранды бұрап еді, барлық құбырлардан кәдімгі жаңбыр секілді су себеледі. Шаймерден рахаттана қарап, жаңбырдың астында біраз тұрды.

– Ата, неге егінге жаңбыр жауғызбайсыз?

– Егінжайға қолдан жаңбыр жауғызып, мол астық алу үшін көп жұмыс керек, – деді атасы. – Мүмкін, ержеткен соң сен сүйтерсің!

Шаймерден ойланып қалды.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Жасанды жаңбыр не?
2. Бұл әдіс елімізде пайдаланылып жатыр ма?
3. Шаймерден неге ойланып қалды?

АҚБӨКЕН

Түс кезі еді.

«Атып алдым».

«Бұл кім? Атып алғаны не екен?» деп сыртқа шықтым.

Мылтық асынған сом денелі қара жігіт артқы санын оқ жұлып кеткен Ақбөкенді киіз үйдің көлеңкесіне тастап, мәз болып тұр.

Бөкен мойнындағы ақ лента көзіме оттай басылып, ішім удай ашыды.

–Немене, даланың жабайы аңы болғасын аттым. Сенің асыранды құралайың екенін қайдан білейін.

–Менің асыранды құралайым емес. Өткен жылы ажалдан арашалап, емдеп, мына ақ лентаны мойнына байлап жібергем.

–Жаман неме, қозы баққанша, жақсы оқып, мал дәрігерлік оқуын бітір.

Оның келемежін тыңдағым келмеді. Бұл–өзім мәпелеген құралай еді-ау!..

Жусан исі аңқыған, түрлі-түсті шөптері гүл жарып, басын көтере алмай майысқан жазық дала–Бетпақдала қойшы ауылдың қонысы еді.

Май айында кілемдей құлпырып, самал желмен теңіздей толқып, адамның ойын тербейді.

Малшы ауылдар үдере көшіп барып, қоныс теуіп жайғасқанына бір апта болып қалған.

Ауыл сыртындағы Әлібай жазығынан жалғыз құралайы бар бөкен көрдім. Жолым солай түскен соң, жақын жүруге тура келді. Құралайын ертіп қашқанымен, ұзап кетпеді. Сол маңайда жайылып

жүрді. Оның ар жағынан оншақты бөкен жортып өтіп кетті. Ол қалып қойды, ермеді. Екінші күні оның құралайы екеу екенін көрдім. Жақындап барғанымда, құралайдың біреуі бір ұмтылды да, шөгіп қалды. Екінші құралай енесімен бірге шамалы жер барып, артына қайырылып қарап тұрды.

(«Балдырған» журналынан)

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Кімдер ақбөкенге қатыгездік жасады?
2. Кімнің жазығында құралайы бар бөкен көрінді?
3. Баланы мұқатып сөйлеген кісінің сөздерін табыңдар.
4. Әңгіменің жалғасын өздерің жазыңдар.

СЫНЫПТАН ТЫС ОҚУ

Мұқағали Мақатаев

КҮН ҰЯЛАП...

Күн көзіне ұялап көк көлдердің,
Тамшысында диқандар төккен тердің.
Бар тіршілік бойына қан жіберіп,
Өз міндетін қалтқысыз өткерген күн.

Күн көзінен төгіліп, тамған нұрдан,
Бүкіл тірлік оянып, арман құған.
Күннің шипа шуағы сипап өтсе,
Кәрі еменді қуарған жандандырған.

Көктемде қарсы алып шуақ күнді,
Көк пен жерге керемет қуат кірді.

Жасыл шапан жамылып мауытыдан,
Ескі тонын ер өлкем лақтырды.

Оятуда барлығын күн шуағы,
Ойға түсті, қыр асты, тыншымады.
Күзден бергі ұйықтаған көк егіннің
Кіп-кішкентай құлағын шымшылады.

Шағылысып бастаудың тұнығымен,
Бірдей ойнайды құлынның тұлымымен.
Жасантқалы жайлауды бара жатыр,
Бірде ілесіп жылқышы құрығымен.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. **Күн, күн көзі** туралы ақын қандай пікір айтады?
2. «Күзден бергі ұйықтаған көк егіннің
Кіп кішкентай құлағын шымшылады?
–деген өлең жолдарын қалай түсіндіңдер?
3. Өлеңді жаттап алыңдар.

Бөлімді қайталау үшін сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Ақын жазды қалай сипаттаған?
2. Ақын өлеңдерінің ұйқастары қалай ұйқасады?
3. «Тал гүлдеп, гүлдер өсіп, бұлбұл сайрап» осы өлең жолдарынан не түсіндіңдер?
4. «Жаз мысалы» өлеңі қазақтың қай ұлы ақынының өлеңіне ұқсайды?
5. Неге әңгіменің атын «Нәзік сылдыр» деп аталған?
6. Су қайдан себеледі? Жасанды жаңбырдың пайдасы не?

ЖЫЛ БОЙЫ ӨТІЛГЕНДЕРДІ ҚАЙТАЛАУ

БІЛІМІҢДІ СЫНА

1. Өзбекстан Республикасының жалауын табыңдар?



2. «Қырқкүйектің таңы атты» өлеңі қай кезде айтылады?



A) Көктем

B) Күз

В) Қыс

3. Ертегінің тақырыбын жалғастыр: мен қасқыр.



A) Құс



B) Тиін




C) Түлкі




D) Аю

4. Жол үстінде қу қазық, Мергеншіге жол азық. Жұмбақтың шешуін табыңдар.



5. -- мәңгі мұра. Мақалды жалғастыр.



6. Берілген сөздерден адасқан буынды тауып, буынға бөліп жазыңдар?

Қар	паз	_____
Кі	нақ	_____
Өнер	быз	_____
Қо	тап	_____

7. Мақалды аяқтаңдар.



- A. Жақсы, жаман.
- B. Қозғалмайды, қозғалады.
- C. Қорқақ, батыр.

8. Екі бағандағы сөздерді бірі-біріне сәйкестендіріп жазыңдар.

Географиялық атау –
Күнделікті тұрмысқа
байланысты –
Өлең атауы –
Ән атауы –
Қоғамдық өмірге байланысты атау –
Кісі атауы –

Отағасы
Ана туралы
жыр
Жеңісбек
Өнеркәсіп
Сарыжайлау
Ташкент

9. Сурет бойынша мәтін құрастырып, тақырып қойыңдар.



10. Суреттердің арасынан үй жануарын табыңдар?



А)



Б)



В)

МАЗМҰНЫ

Ұлы және ғазиз Отаным – мәңгі аман бол

Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері...	3
Қадамың құтты болсын!	6
Отан	7
Мерейің үстем болғай, туған ел!	9
Ана тілі.....	10
Не үшін?	11
Құмырсқаның илеуі.....	12
Біздің үйге қарлығаш ұя салған	13
Сыныптан тыс оқу. Не нені жақсы көреді?	15
Бөлімді қайталау үшін сұрақтар мен тапсырмалар	15

Жомарт мезгіл

Күз	16
Бұлттар көрмесі	17
Есік қаққан еңбек	18
Мектептен қайтқанда.....	20
Балапан	21
Қазақ балалар жазушылары.....	24
Кім бақытты, балалар?.....	25
Жайлаудан көшу.....	29
Ақсүйек	30
Сыныптан тыс оқу. «Достық».....	31
Бөлімді қайталау үшін сұрақтар мен тапсырмалар	32

**Мектеп – білім ордасы,
кітап – оның кілті**

Жақсылардың жақсысы.....	33
Кітап	35
Жұмбақтар.....	36
Сурет жұмбақ	37
Парта	38
Тіл алғышпын.....	39
Оқышы дана Абайды.....	40
Білім туралы мақалдар	41
Үйірмеден үйірме	42
Шөлдеген екенсің.....	43
Кітап ескірмейді	44
Сыныптан тыс оқу. Сөз мәйегі.....	44
Кім ойлап тапқан?.....	46
Бөлімді қайталау үшін сұрақтар мен тапсырмалар	46

Өнер, өнерден ризық өнер

Өнерді сүйю.....	47
Еңбек жемісі	48
Кім болам?!	50
Сыныптан тыс оқу. Пирамидалар жөнінде не білеміз?	51
Мен қалада тұрамын.....	53
Жалбыздының жағасында	54
Өнеге.....	55
Айырмашылықтарын табыңдар.....	57
Еңбектің бәрі – мамандық.....	57
Бөлімді қайталау үшін сұрақтар мен тапсырмалар	58

Күміс қыс

Желтоқсан	59
Кел, жаңа жыл, жаңа жыл	60
Аяз ата келгенде.....	61
Сыныптан тыс оқу. Бақыт деген не?	62

Аяз бен Қыдыр.....	64
Ойыншықтар көтерілісі.....	66
Қаңтар.....	67
Ақпан.....	68
Лұқман хакім.....	69
Атасы мен немересі.....	70
Тәнім менің тіл қатар.....	72
Суық.....	73
Бөлімді қайталау үшін сұрақтар мен тапсырмалар.....	74

Отанды қорғау – асыл қасиет

Тәуелсіздік қаһарманы.....	75
Шекарашы боламын.....	77
Бір үйде бар қос батыр.....	78
Ел қорғау туралы.....	79
Сыныптан тыс оқу. Жауынгер он цифр.....	80
Бозторғайдың ерлігі.....	83
Бөлімді қайталау үшін сұрақтар мен тапсырмалар.....	84

Ұлылардың насихаты ұлылыққа бастайды

Әбу Насыр әл-Фараби.....	85
Әбу Әли ибн Сина.....	86
Жүсіп Хас Хажыб Баласағұн.....	88
Шығысты суретімен сиқырлаған.....	89
Махмұт Қашқари.....	91
Мір Әлішер Ғиёсиддинұлы Науаи.....	92
Көңілдердің сүйгені.....	94
Сыныптан тыс оқу. Сыпайылық пен әдеп жайлы.....	95
Қара сөздер.....	96
Мұхаммед пайғамбар білім, ғылым туралы.....	98
Бөлімді қайталау үшін сұрақтар мен тапсырмалар.....	99

Халық ауыз әдебиеті

Әй-әй, бөпем.....	100
-------------------	-----

Бесікке бөлеу	101
Кім күшті?	103
Мақалдар. Туған жер – Отан туралы	105
Жұмбақтар мен жаңылтпаштар	106
Сыныптан тыс оқу. Бір қазан сүт	108
Бөлімді қайталау үшін сұрақтар мен тапсырмалар ...	109

Көктем лебі

Көктем	110
Наурыз – табиғаттың мейрамы	111
Наурыз	112
Бәйшешектер	113
Күлімде, күн, күлімде!	114
Ағаш ек	116
Сыныптан тыс. Сөзжұмбақ	117
Ән жұлдызы	118
Бөлімді қайталау үшін сұрақтар мен тапсырмалар ...	120

Әлем балалар әдебиеті

Эзоп. Көк кептер мен құмырсқа	121
Рудольф Эрих Распе. Айға алғашқы сапар	123
Қарға мен түлкі	125
Сыныптан тыс оқу. Қызыл шәйнек	127
Қайсысы кем?	128
Ерте, ерте, ертеде	129
Үш ақыл	130
Түлкі мен қасқыр	133
Ақ кеме	134
Кәсіптер исі	136
Том Сойердің басынан кешкендері	138
Немен не құшақтасады?	139
Көк жалқау	140
Бөлімді қайталау үшін сұрақтар мен тапсырмалар ...	141

Еске алу – қасиетті, тыныштық пен достық – ұлы жеміс

Бас иіп алғыс айтамын!.....	142
Өнер – білім бар жұрттар.....	143
Тұмардың ойы.....	144
Жеңіс, атам және мен	146
Баспалдақ.....	147
Мен соғысты жек көрем	150
Сыныптан тыс оқу. Көмекші	151
Құмырсқа әженің туған күні.....	152
Не деу керек?.....	155
Қолға су құю	156
Бөлімді қайталау үшін сұрақтар мен тапсырмалар ...	158

Жаз өтеді саз

Жаз мысалы.....	159
Дала айшықтары.....	160
Нәзік сылдыр.....	161
Жасанды жаңбыр.....	162
Ақбөкен.....	164
Сыныптан тыс оқу. Күн ұялап... ..	165
Жыл бойы өткендерді қайталау	166
Біліміңді сына.....	167

О-52 **Оқу кітабы:** Жалпы орта білім беретін мектептің 4-сыныбына арналған оқулық (Авторлар: М.Умаров және басқ). Жетінші басылымы. –Т.: «O‘zbekiston», 2020. –176 б.
I. Умаров М. және басқ.

ISBN 978-9943-01-085-7

УЎК 811.512.133(075)
КБК 81.2 Қаз-93

O‘quv nashri

Mekembay Umarov, Abduraxman Isabayev,
Turdibay Qaldibayev, Ergesh Abduvalitov

О‘QISH KITOBI

Umumiy o‘rta ta‘lim maktablarining 4-sinfi uchun darslik

(Qozoq tilida)

Yettinchi nashri

Редакторы *З. Абдиназарова*
Керкемдеуші редакторы *Х. Қутлуков*
Техникалық редакторы *Л. Хиждова*
Компьютерде беттеген *Г. Құлназарова*

Баспа лицензиясы АІ №158, 14.08.2009.
Басуға 2020 жыл 6 июлде рұқсат етілді. Пішімі 70x90^{1/16}.
Офсеттік қағаз. «Arial» гарнитурасы.
Офсеттік әдіспен басылды. Шартты баспа табағы 12,87.
Есепті баспа табағы 6,62. Таралымы 5408 дана.
Тапсырыс № 20-204.

«O‘zbekiston» баспа-полиграфия шығармашылық үйінде басылды.
100011. Ташкент, Науаи көшесі, 30.

Телефон: (371) 244-87-55, 244-87-20.
Факс: (371) 244-37-81, 244-38-10.

e-mail: uzbekistan@iptd-uzbekistan.uz
www.iptd-uzbekistan.uz

**Пайдалануға берілген оқулықтың
жағдайын көрсететін кесте**

№	Оқушының аты, фамилиясы	Оқу жылы	Оқулықтың пайдалануға берілгендегі жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықты тапсырғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

Пайдалануға берілген оқулықты оқу жылы аяқталғанда қайтарып тапсырады. Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау критеріі негізінде толтырады.

Жаңа	Оқулықты алғаш рет пайдалануға берілгендегі жағдай
Жақсы	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралмаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, көшпеген, беттеріне жазбаған және сызбаған.
Орташа	Мұқаба езілген, аздап қана сызылған, шеттері жыртылған, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар. Пайдаланушы жағынан қанағаттанарлық жөнделген. Жұлынған, кейбір беттері сызылған.
Нашар	Мұқаба былғанған, сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған немесе мүлдем жоқ, нашар жөнделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, сызып, бояп тасталған. Оқулық қалпына келтіруге жарамайды.

О-52 **Оқу кітабы:** Жалпы орта білім беретін мектептің 4-сыныбына арналған оқулық (Авторлар: М.Умаров және басқ). Жетінші басылымы. –Т.: «O‘zbekiston», 2020. –176 б.
I. Умаров М. және басқ.

ISBN 978-9943-01-085-7

УЎК 811.512.133(075)
КБК 81.2 Қаз-93

O‘quv nashri

Mekembay Umarov, Abduraxman Isabayev,
Turdibay Qaldibayev, Ergesh Abduvalitov

O‘QISH KITOB

Umumiy o‘rta ta‘lim maktablarining 4-sinfi uchun darslik

(Qozoq tilida)

Yettinchi nashri

Редакторы *З. Абдиназарова*
Керкемдеуші редакторы *Х. Қутлуков*
Техникалық редакторы *Л. Хинова*
Компьютерде беттеген *Г. Құлназарова*

Баспа лицензиясы АІ №158, 14.08.2009.
Басуға 2020 жыл 6 июлде рұқсат етілді. Пішімі 70x90^{1/16}.
Офсеттік қағаз. «Arial» гарнитурасы.
Офсеттік әдіспен басылды. Шартты баспа табағы 12,87.
Есепті баспа табағы 6,62. Таралымы 580 дана.
Тапсырыс № 20-205.

«O‘zbekiston» баспа-полиграфия шығармашылық үйінде басылды.
100011. Ташкент, Науаи көшесі, 30.

Телефон: (371) 244-87-55, 244-87-20.
Факс: (371) 244-37-81, 244-38-10.

e-mail: uzbekistan@iptd-uzbekistan.uz
www.iptd-uzbekistan.uz